



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы Беларусь Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Беларусь халқының бірлігін, ұлттық рухының мықтылығын және елдің жасампаздық пен өркеніет жолындағы батыл қадамын айшықтайтын бұл айтулы күннің символдық мәні ерекше. Қазақстандықтар бауырлас беларусь халқына айрықша ықылас танытып, оның төл мәдениеті мен бай дәстүріне зор құрметпен қарайды, — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Беларусь арасында достық пен стратегиялық серіктестік рухына сай жемісті әрі өзара тиімді ынтымақтастық жолға қойылғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Беларусь халқына бақ-береке тіледі.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ – БАСТЫ БАҒЫТ

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа мәдениет, ақпарат және әлеуметтік саясат салаларында жаңа Конституция ережелерін жүзеге асыру барысы, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс сапасын көтеруді көздейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары баяндалды.

Вице-премьер заңнаманы жаңа Ата заңға сәйкестендіру, мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру, цифрлық кеңістікті ілгерілету, азаматтық қоғам институттарымен өз-

ара іс-қимылды нығайту, сондай-ақ отбасы және жастар саясаты, волонтерлік қызмет пен қоғамдық бақылау салаларында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысына жаңа білім, ғылыми-ағартушылық және шығармашылық нысандарын құру, дәстүрлі өнерді қолдау мен білікті маман даярлау бағыттарында еліміздің мәдени инфрақұрылымын жандандыру жөніндегі ұсыныстар айтылды.

Мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру мәселелеріне айрықша назар аударылды. Аида Балаева білім, ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, спорт және туризм салаларын өркендету жайында әңгімеледі. Ведомствоаралық ықпалдастықты күшейтуге, мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, адами капиталды дамытуға, заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге және әлеуметтік сала инфрақұрылымын қалыптастыруға ерекше мән берілді.

Президент мәдениет, ақпараттық саясат, оқу-ағарту, әлеуметтік қамтамасыз ету және денсаулық сақтау сияқты маңызды салалардағы Үкіметтің атқарған жұмысы туралы Премьер-министр орынбасарының ақпаратын оң бағалады.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы өзекті әлеуметтік мәселелерді жедел шешу үшін тиісті ведомстволар жұмысын одан әрі жандандыру қажет екеніне назар аударды.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 38-ші пленарлық отырысын өткізді. Президент еліміз ұдайы орнықты даму бағдарын ұстанып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ең әуелгі міндет экономиканы және саяси бағытты жаңа талаптарға дер кезінде бейімдеу екеніне тоқталды.

— Сыртқы конъюнктураның қолайсыздығына қарамастан, Қазақстан экономикасы былтыр 6,5 пайызға өсті. Елдегі ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард долларлық межеден асты. Инвестиция тарту көрсеткіші бойынша еліміз Орталық Азиядағы көшбасшылығын сақтауды көздейді. Тікелей шетелдік инвестицияның жиынтық көлемі 150 миллиард доллардан асып, аймаққа құйылған барлық қаржының шамамен 70 пайызын құрады. Осы экономикалық табыстарға негізінен саяси тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Жалпыұлттық тарихи референдумның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдадық, бұл құжат қазірдің өзінде халықтық Конституция ретінде танылды. Негізгі заңның бүгінгі отырыс қарсаңында күшіне енуі символдық мәнге ие. Жаңартылған конституциялық нормалар инвесторлар құқығын

барынша жоғары деңгейде қорғайды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент халықаралық бизнес үшін тартымды заманауи институционалдық орта қалыптасқанына назар аударды. Сондай-ақ инвестициялық рәсімдерді жеңілдету үшін «бір терезе» қағидатына сай қызмет көрсететін Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа іске қосылды.

— Инвестициялық штаб қызметі жедел шешім қабылдауға және инвесторларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған. Бизнеске институционалдық кепілдіктермен бірге ұзақмерзімді нақты ынталандыру тетіктерін ұсынамыз. Бүгінде шетелдік кәсіпкерлер салықтық жеңілдіктер мен оңайлатылған көші-қон рәсімдері қарастырылған Altyn Visa бағдарламасын артықшылығын пайдалана алады. Дегенмен біз мұнымен ғана шектелмейміз. Алдымызда ауқымды жұмыс бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әлем технологиялық жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтты. Президент жасанды интеллект



жаһандық дамудың қозғаушы күшіне айналады деп санайды.

— Мемлекеттің инвестициялық саясатында жасанды интеллект технологияларына мән беру — аса маңызды басымдық. Бұл қайталанбалы үдерістерден арылып, «ақылды сүзгі» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сол арқылы инвесторларға жедел, нақты әрі тиімді қызмет көрсетіледі. ЮНКТАД болжамы бойынша, 2033 жылға қарай әлемдік жасанды интеллект экономикасының көлемі 5 триллион долларға жуықтайды. Аталған көрсеткіштің ондаған жыл ішінде шамамен 25 есе ұлғаюы жаһандық экономикадағы жасанды интеллекттің рөлі артып келе жатқанын байқатады. Еліміз

осы бағытты белсенді қолға алуға ниетті. Былтыр халыққа арнаған Жолдауымда Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктедім. Жұмысты жүйелі жүргізу үшін 2026 жыл Жасанды интеллект және цифрлық даму жылы болып жарияланды. Болашақтың бағдарын айқындай отырып, біз азаматтардың цифрлық қауіпсіздігіне ден қоямыз. Қазақстан Конституциясының жаңа редакциясы әр адамның дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Институционалдық негізді нығайту үшін Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Сонымен қатар Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес өз жұмысын бастады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңес мүшелеріне заманауи цифрлық инфрақұрылым қалыптастыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Атап айтқанда, Қазақстан Орталық Азия елдері арасында алғаш рет озық технологиялар негізінде екі суперкомпьютерді сәтпен іске қосты.

— Инвестицияларға цифрлық дәуір талаптарына сай келетін заманауи нормативтік-құқықтық база кепіл болады. Жақында Парламентте қабылданған Цифрлық кодекс, «Жасанды интеллект туралы» заң және Digital Qazaqstan стратегиясы ел дамуының айқын технологиялық жол картасын түзеді. Бұл құжаттар инновацияға, инвестиция тартуға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге де лайықты жағдай жасайды. Бұдан бөлек, Қазақстанның цифрлық экономикасының негізгі элементтерінің бірі саналатын Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын құруға ниеттіміз. Бірегей жоба жаһандық капитал мен әлемнің жетекші технологиялық компанияларының басын қосатын қуатты орталыққа айналмақ. Amazon, G42 және басқа да салалық көшбасшылар осы экожүйеге қатысу мүмкіндігін қарастыра бастады, — деді Мемлекет басшысы.

АҚОРДА

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБИ

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

(Басы 1-бетте)

Президент Қазақстанның адами капиталды дамытуға дәйекті түрде инвестиция құйып отырғанын мәлімдеді. Alem.ai халықаралық орталығында TUMO және Tomorrow School жаңа буын мектептері ашылды.

— Telegram және Presight секілді халықаралық серіктестермен бірге заманауи зертханалар құрылды. Жасанды интеллект Қазақстанның білім беру жүйесіне кеңінен енгізіліп жатыр. Мен жақында қол қойған Жарлыққа сәйкес, ЖИ орта білімді жаңғыртудың негізгі элементіне айналмақ. Әрине, бұл жоба педагогтерді алмастыра алмайды, бірақ ұстаздардың мүмкіндігін кеңейтеді. Жарлықта дербес оқыту тетігін құру, цифрлық инфрақұрылымды нығайту, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және білім беру стандарттарын жаңғырту қарастырылған. Біз пилоттық жобаны іске қостық, бұл тәжірибе кейін ел көлеміне таратылады. Аталған бастама қала мен ауыл мектептерінің білім алшақтығын қысқартып, ЖИ дәуірінде әр балаға жоғары сапалы білім беруді көздейді. Жасанды интеллект мемлекеттік басқару тиімділігінің шешуші факторына айналуда. Қазақстан жаңғыру үдерісінде көш бастау үшін алдын ала қимылдап, тиісті институционалдық органы қалыптастырып жатыр. ЖИ саласындағы әлемге әйгілі сарапшы, Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес мүшесі доктор Ли Кай Фу жақында Астанадағы Alem.ai халықаралық орталығында мемлекеттік органдардың жоғары лауазымды басшыларына оқу семинарын өткізді. Семинар жасанды интеллектті мемлекеттік басқаруда стратегиялық тұрғыдан пайдалану, ЖИ-ге бағдарланған операциялық модельдерді, ЖИ агенттерді қолдану және Қазақстандағы ұлттық технологиялық стекті дамыту мәселелерін қамтыды. Мемлекеттік қызметшілерді ұдайы оқыту жасанды интеллектті жедел енгізуге ықпал етіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыра түседі. Бұдан бөлек, Қазақстанда өңіріміздегі алғашқы арнаулы жасанды интеллект университеті білім алушыларды қабылдайды. Бірегей жоғары оқу орны озық зерттеулердің, инновация мен жоғары білікті маман даярлаудың орталығына айналмақ. Білім мен технологияға қаржы құйып, дарындыларды қолдай отырып, жасанды интеллект ұлттық экосистемінің берік негізін қалаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы логистика жүйесіне Smart Cargo цифрлық платформасы енгізілгенін атап өтті. Біртұтас байланыс қағидатына сай қызмет ететін бағдарлама арқылы негізгі көлік дәліздері цифрландырылады.

— Қазақстанның мұнай-газ саласын цифрлық тұрғыдан трансформациялау айтарлықтай алға жылжыды. Көміртегін өндіру мен өңдеу нысандарының цифрлық көшірмесін құруға айрықша назар аударылып отыр. Сонымен қатар шикізат өндіруден бастап сатуға дейінгі барлық жеткізу тізбегін қамтитын мұнай мен мұнай өнімдерін кешенді бақылау жүйесі енгізілуде. Жабдықтардың істен шығуын болжау, өндірістік үдеріс-



тердің сенімділігін арттыру және кәсіпорындардың жұмысын оңтайландыру үшін жасанды интеллект негізіндегі шешімдер қолданылады. Сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы жасанды интеллект саласындағы инновациялық шешімдерді сынақтан өткізуге арналған сенімді алаң қызметін атқарады. Орталық FinTech Lab реттеу алаңдары арқылы ағылшын құқығының артықшылықтарын және әлемдегі ең үздік деректерді қорғау жүйелерінің бірін ұсынады. Түптеп келгенде, АХҚО ашық бизнес ережелерін, сенімді құқықтық қорғауды және деректер қауіпсіздігін сақтаудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді, — деді Президент.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық ынтымақтастықтың анағұрлым перспективті бағыттарына тоқталды. Президент аса маңызды материалдар саласында ашықтық пен технологиялық экосистеміне қалыптастыруды басым міндет ретінде атады.

— Аса маңызды пайдалы қазбалар жана индустриалдық дәуірдің негізгі стратегиялық ресурстары саналады. Жаһандық өзгерістерге жауап ретінде Қазақстан жетекші әлемдік компаниялармен ынтымақтастыққа өте қолайлы жағдай жасай отырып, өзінің нормативтік-құқықтық базасы мен саланы қадағалау тетіктерін үнемі жетілдіріп келеді. Біз Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасын іске қостық. Бұл жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелерін лицензиялауға және бақылауға қатысты 22 мемлекеттік қызметті автоматтандырды. Бұрын тек қағаз және магниттік форматтарда ғана болған 4,7 миллионнан астам архивтік геология құжаттары мен материалдары бірыңғай ұлттық цифрлық қорға көшірілді. Бұдан бөлек, біз тарихи геологиялық деректерді заманауи, машина оқи алатын форматқа түрлендіруді жеделдету үшін жасанды интеллектті қолдана бастадық. Астанада Сирек кездесетін металдар бойынша өңірлік зерттеу орталығын ашу бастамасы аясында халықаралық инвесторларға жоғары дәлдікпен геологиялық деректер ұсынатын бірыңғай орталық құрылады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы еліміздің ұзақмерзімді даму стратегиясындағы маңызды бағыттардың бірі екенін жеткізді.

— Біз Қазақстанды Азия мен Еуропаны жалғайтын аймақтағы жетекші логистика торабына айналдыруды көздейміз. Еліміздің аумағы арқылы 13 ірі халықаралық көлік дәлізі өтеді. Бұл Қазақстанның құрлықаралық тасымал тізбегіндегі ықпалы зор екенін көрсетеді. Қытай мен Еуропа арасындағы темір жолмен тасымалданатын жүк көлемінің 85 пайызға жуығы Қазақстан аумағымен өтеді. Мұның өзі әлемдік сауда мен өзара көлік байланысында негізгі рөл атқаратынымызды растайды. Осы позицияны одан әрі орнықтыра түсу үшін көлік инфрақұрылымына, мыңдаған шақырым жаңа теміржол салуға, сондай-ақ Орта дәліз ретінде кеңінен танымал Транскаспий халықаралық көлік бағытын ары қарай дамытуға қомақты инвестиция құйып жатырмыз. Соңғы он бес жылда Қазақстан көлік-логистика инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам қаржы жұмсады. Біз заманауи логистика сапалы инфрақұрылымды ғана емес, озық цифрлық шешімдерді талап ететінін жақсы түсінеміз. Сол себепті бүкіл экосистемі цифрландыру шараларын қолға алдық, — деді Президент.

Президенттің айтуынша, ауыл шаруашылығының орнықты дамуын қамтамасыз ету — стратегиялық міндеттің бірі. Бүгінде жасанды интеллект пен заманауи автоматтандыру технологиялары жаңа аграрлық революцияның өзегіне айналып келеді.

— Мұның бәрі егістік өнімін айтарлықтай арттырып, суды үнемдеп пайдалануға және қоршаған ортаға келетін зиянды елеулі түрде азайтуға мүмкіндік береді. Бұл үдерістердің маңызды екенін жақсы түсінеміз. Дәлме-дәл жоспарлау және болжамды сараптама үшін цифрлық технологияларды қолдану арқылы еліміз екінші жыл қатарынан 27 миллион тонна астық жинады. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Осы нәтижені сақтап қалу үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын толық цифрландыруға кірістік. Ұшқыссыз ұшатын аппараттарды, жерсерік навигацияларын және автоматтан-

дырылған метеорологиялық станцияларды жедел іске қоса бастадық. Мемлекеттік қолдаудың барлық шарасы және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия беру ісі цифрлық форматқа көшірілуде. Бұл әкімшілік рәсімдерді едәуір қысқартады. Мал шаруашылығында да интеграцияланған цифрлық платформа іске қосылды. Соның арқасында қағаз жүзіндегі құжат айналымынан бас тартуға және деректердің дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік туады. Бүгінде 200-ден астам ауыл шаруашылығы кәсіпорны «ақылды ферма» форматында жұмыс істей бастады. Яғни шаруашылықтар озық цифрлық технологияларды пайдалану мен деректерді талдау негізінде басқарылады. Бұдан бөлек, өндірушіден тұтынушыға дейінгі жеткізу тізбегінің толық ашықтығын қамтамасыз етіп, өнім қозғалысын бақылайтын цифрлық жүйе енгізіліп жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, Қазақстанның түпкі мақсаты — тек ауыл шаруашылығын дамытып қоймай, елімізді агроөнеркәсіп өнімдерін терең өндейтін өңірлік орталыққа айналдыру.

— Біз шикізат экспорттаумен шектеліп қалмай, ел ішінде қосылған құны жоғары өнім шығаруға ұмтыламыз. Ол үшін, ең алдымен, тамақ өнеркәсібін дамытуға, озық технологияларды енгізуге және орнықты өндірістік-нарықтық тізбекті қалыптастыруға басымдық беру өзекті. Аталған салада өндірістік циклдің барлық кезеңіне инвестиция салуға мол мүмкіндік бар. Біз жасанды интеллект, роботтандыру технологияларын және Индустрия 4.0 шешімдерін тамақ өнеркәсібіне белсенді түрде енгізе бастадық. ЖИ негізінде сапаны бақылау жүйесі, құрал-жабдыққа болжамды қызмет көрсету технологиясы, автоматтандырылған өндірістік желі және жеткізу тізбегін интеллектуалды басқару өнеркәсіп тиімділігін айтарлықтай арттырады, жоғары өнім сапасы мен қатаң сақталатын халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар интеллектуалды логистика жүйелеріне, автоматтандырылған қойма кешендеріне, мұздатқыш инфрақұрылымына және заманауи

каптама технологияларына инвестиция салу агроөнеркәсіп саласындағы бір-біріне толықтай кіріктірілген, яғни өндірістік-нарықтық цифрлық тізбекті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Халықаралық инвесторларды, жетекші азық-түлік өндірушілерді, технологиялық компанияларды және ЖИ шешімдерін әзірлеушілерді осы ауқымды трансформацияға атсалысуға шақырамыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Алатау қаласын дамытуға тағы бір маңызды міндет деп санайды.

— Бүгінде Алатау әлемдік деңгейдегі арнаулы құқықтық режимге ие, қарқынды дамитын аумақ болып бекітілді. Дүниежүзінен инвестиция тарту және Алатауды халықаралық іскерлік орталықтардың біріне айналдыру мақсатында нормативтік база жасақталды. Шаһарды Қазақстандағы толық цифрланған алғашқы орталық ретінде жобалап жатырмыз. Мұндағы аса маңызды инфрақұрылым, мемлекеттік қызметтер мен қала экономикасы үлкен дереккор, озық технология және заманауи басқару моделі негізінде жұмыс істейтін біртұтас цифрлық экосистемі біріктіріледі. Digital by default қағидатына сәйкес, мемлекеттік басқарудың барлық үдерісі әуел бастан тек цифрлық форматта жасалады. Алатау қаласы әкімшілігінің бірыңғай цифрлық платформасы арқылы тұрғындар мен инвесторлар мемлекеттік қызметтерге жүгініп, тиісті рұқсаттама құжаттарын рәсімдей алады, арнаулы құқықтық режимнің артықшылықтарын пайдаланады. Бұдан бөлек, қаладағы цифрлық активтер саласында криптовалюта биржалары мен активтерді түгендеу қызметтерін реттейтін озық нормативтік-құқықтық база жұмыс істейді. Біз халықаралық инвесторларды осы бірегей юрисдикцияның артықшылықтарын жоғары технологиялық және табысты жобаларды жүзеге асыратын сенімді алаң ретінде пайдалануға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, жасанды интеллектті дамыту және цифрлық дербестікті нығайту экономикамыздың, тіпті мемлекеттің ұзақмерзімді орнықтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше мәнге ие.

— Кеңес пен мемлекеттік органдардың тұрақты диалогы өте маңызды екенін атап өткім келеді. Тиімді шешімдер әзірлеп, қажетті реформалар жүргізу үшін барлық қатысушының тәжірибесі мен білімін, сарапшылық әлеуетін жұмылдырған жөн. Мемлекет пен бизнестің ұзақмерзімді әрі өзара тиімді серіктестігі цифрлық экономика мүмкіндіктерін толық пайдалануға және азаматтарымыздың игілігі үшін өркендеген мемлекет құруға ықпал ететін негізгі фактор болатынына сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан экономикасын дамытуға қосқан елеулі үлесі және еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытындағы көп жылғы нәтижелі қызметі үшін Шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысына қатысқан бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар тапсырды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Әділет» партиясы алдағы Құрылтай сайлауына қатысуға толықтай дайын екенін мәлімдейді.

Біз бұл сайлауды жаңа Конституцияны іске асырудың және Қазақстандағы демократиялық институттарды одан әрі нығайтудың маңызды кезеңі деп санаймыз. Партиямыз сайлауға нақты бағдарламамен, кәсіби командамен және азаматтар алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып қатысады. Бағдарламамыз әділдік, заң үстемдігі, жауапкершілік, патриотизм және даму құндылықтарына негізделген.

Біз заң талаптарын қатаң сақтай отырып, азаматтардың еркін таңдау құқығын құрметтейтін адал, ашық әрі бәсекеге толы саяси додаға дайынбыз. Басты мақсатымыз – Әділетті Қазақстанды нығайтуға бағытталған нақты бастамаларды жүзеге асыру үшін қоғамның сеніміне ие болу.

Ашық саяси бәсеке, қоғам алдындағы жауапкершілік және Конституцияға құрмет – еліміздің табысты дамуының басты кепілі екеніне сенімдімін. Біз бұл жауапты іске әзірміз әрі оның нәтижесі үшін жауапкершілік алуға дайынбыз.

Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

БИЗНЕСТІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ – ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ



Өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру, ішкі нарықты қорғау және отандық өндірушілерге қолдау көрсету шаралары «Әділет» партиясы Іскерлік кеңесі отырысының негізгі тақырыптарына айналды. Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен жиында бизнестің, салалық қауымдастықтардың және мемлекеттік органдардың өкілдері қазақстандық өндірісті дамытуға қажет жүйелі өзгерістерді талқылады.

Отырысты ашқан Айбек Дәдебай жаңа Конституцияның заңды күшіне енуімен мемлекет дамуының жаңа кезеңі басталғанын атап өтті. Оның айтуынша, Ата заңда бекітілген қағидаттар жаңа өндірістерді іске қосу, жұмыс орындарын ашу және отандық бизнестің дамуына қолайлы жағдай жасау арқылы экономикада нақты көрініс табуға тиіс. Кейінгі он жылда өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемі шамамен 50 пайызға өсіп, ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10,2 пайыздан 13 пайызға дейін артты. Келесі кезеңнің міндеті – үстінен қосылатын құны жоғары өнім өндіретін өндірістерді дамыту.

«Қосылған құн – XXI ғасырдың жаңа мұнайы. Сондықтан өңдеуші өнеркәсіп туралы әңгіме – Қазақстанның экономикалық дербестігі туралы әңгіме деген сөз. Интеллектіні, технологияны және дайын өнімді экспорттайтын мемлекет әрдайым өз болашағын өзі айқындау ісінде әлдеқайда көп мүмкіндікке ие», – деді Айбек Дәдебай.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі – мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру. Іскерлік кеңеске қатысушылардың пікірінше, бұл жүйе отандық өндірісті дамыту ісін ынталандыруға тиіс. Бұл – жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті өнім өндірісін жолға қою деген сөз. Мәселен, Саяси кеңес бюросының мүшесі, «Универсал» компаниясының басшысы Замира Кузиева жеткізушілерді тек тауардың шығу тегіне қарай емес, олардың Қазақстан экономикасына қосқан үлесіне қарай бағалауды ұсынды.

«Мемлекеттік сатып алу жүйесі тек тауарлар мен қызметтерді сатып алу тетігіне емес, сонымен бірге отандық өнеркәсіпті дамыту құралына айналуға тиіс», – деді ол.



Ал «Каустик» АҚ-ның бас директоры Ермек Токмағамбетов қолдау шараларын толықтыруды ұсынды. Оның айтуынша, кәсіпорын отандық шикізатты өңдейді, өнімдегі локализация деңгейі 95 пайыздан асады, ал өндірісті дамытуға салынған инвестиция көлемі 100 миллион АҚШ долларынан асып отыр.

«Елішілік құндылықтар деңгейін ескере отырып, өндірушілерді санаттарға бөлу жүйесін енгізу, сондай-ақ локализация деңгейі жоғары кәсіпорындарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету шараларын басымдықпен ұсыну қадамдарын қарастыру қажет», – деді Ермек Токмағамбетов.

Қатысушылар ішкі нарықты тиімді қорғап алмайынша, локализацияға қолдау көрсету мүмкін емес екенін жеткізді. Қазақстандағы цемент және бетон өндірушілер қауымдастығының басшысы Ғылымхан Қали ұлттық стандарттарды жаңарту қадамы сапасыз цемент импортының көлемін қысқартуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Ал «Адал Тауар» қауымдастығының төрағасы Гүлмира Уахитова былтыр Қазақстанда 205 мыңнан астам контрафактілік өнім бірлігі анықталып, заңсыз айналымдағы 8,6 миллион қорап темекі өнімі тәркіленгенін мәлімдеді.

«Адал еңбек ететін бизнес заңды қасақана бұзатындармен бәсекелесуге мәжбүр болып отыр. Ең негізгі мәселе – осы», – деді Гүлмира Уахитова.

Іскерлік кеңес барысында айтылған барлық ұсыныс іс жүзінде жалғасын табуға тиіс. Айбек Дәдебайдың айтуынша, әрбір өнеркәсіптік жобаның артында кәсіпкерлер, инженерлер, жұмысшылар және олардың отбасылары тұр. Сондықтан отандық өндірісті дамыту қадамы еліміздің әрбір өңірінде нақты нәтиже беруі қажет.

«Конституция нормаларын кәсіпкерлер, инженерлер, жұмысшы-

лар, инвесторлар және әрбір қазақстандық отбасы нақты сезінетін шешімдерге айналдыру маңызды», – деді партия Төрағасы.

Ол QR-код арқылы онлайн форматта қазақстандықтар өз бастамаларын ұсынып, мәселелері туралы хабарлай алатынын еске салды. «Әділет» партиясы Іскерлік кеңесі мүшелерінің барлық ұсынысы алдағы уақытта жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында Қазақстанның өнеркәсіптік саясатының Ақ кітабына (White Paper) біріктіріледі. Құжатқа бизнес өкілдерінің бастамалары, сарапшылардың ұсынымдары және оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспары енгізіледі.

ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ

«Әділет» партиясы облыстық филиалдарының басшылық құрамын толықтай жасақтады. Қазақстанның барлық өңірінде өткен конференциялардың қорытындысы бойынша филиал төрағалары, Саяси кеңестердің мүшелері және Тексеру комиссияларының құрамы сайланды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Конституция – Жаңа Дәуір» атты үндеуін қолдау болды. Сонымен қатар қатысушылар партияның облыстық филиалдарының басшылық органдарын жасақтау мәселесін талқылады.

Дауыс беру нәтижесінде партияның барлық облыстық филиалдарының басшылық құрамы толық бекітілді. Облыстық филиалдардың төрағалары:

Алматы облысы – Қасқарауов Данияр Алдабергенұлы

Қарағанды облысы – Алтынбеков Бекзат Құмарұлы

Жетісу облысы – Есбай Амангелді Ғабдылқарымұлы

Ұлытау облысы – Құрмансейіт Ақжол Ахатұлы

Ақмола облысы – Беспалинов Берген Маратұлы

Ақтөбе облысы – Данағұлов Ербол Жеткергенұлы

Атырау облысы – Қонарбай Болат Қайроллаұлы

Шығыс Қазақстан облысы – Мекеева Жанат Жұмағазықызы

Жамбыл облысы – Каипов Дәурен Айтасұлы

Батыс Қазақстан облысы – Бектұрған Бауржан Оңталапұлы

Қостанай облысы – Аққужина Бибігүл Бүркітқызы

Абай облысы – Ибраев Айдар Маратұлы

Түркістан облысы – Толыбаев Нұрлан Әлішерұлы

Қызылорда облысы – Базартай Жандос Нұртайұлы

Маңғыстау облысы – Шағырбаев Имаммахмұт Мұхитұлы

Павлодар облысы – Туғанбай Асылбек Туғанбайұлы

Солтүстік Қазақстан облысы – Төренова Қалия Батталқызы

Астана қаласы – Қыстаубаев Мағжан Геройханұлы

Алматы қаласы – Канкуров Станислав Владимирович

Шымкент қаласы – Жолдықожаев Мұрат Жаңабайұлы

Саяси кеңестердің құрамына 808 адам енді. Олардың қатарында шағын және орта бизнес өкілдері – 22,8%, білім және ғылым саласының мамандары – 13%, үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіподақ өкілдері – 10,2%, мәдениет және спорт саласының өкілдері – 8,9%, өнеркәсіп саласының мамандары – 7,5%, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының өкілдері – 6,7%, денсаулық сақтау қызметкерлері – 5,6%, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері – 5,4%.

Тексеру комиссияларының құрамына 100 адам сайланды. Олардың басым бөлігі экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және құқық салаларында тәжірибесі бар мамандар.

Осылайша, «Әділет» партиясының облыстық филиалдарын құруды ұйымдастыру кезеңі толық аяқталды. Енді филиалдар өңір тұрғындарымен жүйелі жұмыс жүргізуге, партия бастамаларын іске асыруға және жергілікті бөлімшелердің қызметін дамытуға кіріседі.

РЕФОРМА

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБИ



Биылғы 15 наурыздағы жалпыхалықтық референдумның тарихи нәтижесіне сәйкес, 1 шілдеден бастап жаңа Конституция толық күшіне енді. Бұл бетбұрысты сәт Әділетті Қазақстанның саяси-құқықтық келбетін түпкілікті айқындап берді.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы – Ректоры:

ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

тұңғыш рет 300 миллиард доллардан асты. Жан басына шаққандағы үлестің 15 мың доллардан асып, ТМД елдері арасында ең жоғары көрсеткішке жетуі, инфляцияның 10,4 пайызға дейін төмендеуі — жаңа қабылданған Бюджет және Салық кодекстерінің жемісі.

Сонымен қатар экономиканы әртарапандыру мен жаңа инвестициялық кезеңнің нақты нәтижелері де ауыз толтырып айтарлықтай. Тек соңғы үш жылда (2023–2025 жж.) құны 3,7 триллион теңгені құрайтын 540 индустриялық жоба жүзеге асып, алдағы

ғылымы мен жоғары білім беру жүйесінің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Ал мамыр айында қабылданған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңы елімізді Еуразияның технологиялық іскерлік хабына айналдыру жолында ғылыми-инновациялық кластерлер мен жаңа өндіріс үлгілерін қалыптастыруға тың серпін береді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ел дамуының негізгі тірегі ретінде энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамытудың маңызын қадап айтты. Энергетикалық балансты теңгеру мақсатында Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандартқа сай үш жаңа ЖЭО салынады және елді газбен қамту деңгейі 80 пайызға жеткізіледі. Сонымен қатар 2024 жылғы тарихи референдумда халық қолдаған өркениетті тандау — атом генерациясын дамыту шешіміне сәйкес, келесі жылы (2027 жылы) алғашқы атом электр стансасының құрылысы басталады. Бұл мемлекеттің энергетикалық дербестігі мен қуатты көп тұтынатын болашақ цифрлық экономикамыздың ең сенімді іргетасы болмақ.

Алайда Президент ескерткендей, «жау жоқ деме, жар астында» деген тәмсілді ұмытпай, Тәуелсіздік пен Егемендікті қорғау, халықтың әл-ауқатын арттыру жолында академиялық орта, ғылыми институттар мен мемлекеттік қызметшілер жұмыла еңбек етуге тиіс.

Мемлекетіміз үшін осынау жауапты әрі сындарлы кезеңде заңнамалық реформалардың негізін ғылыми тұрғыдан жетілдіруге эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заңгер-ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы да өзіндік зор үлес қосты. Арнайы құрылған жұмыс тобының құрамында аянбай еңбек етіп, мемлекеттік маңызы бар мін-

детті жоғары деңгейде атқарған ҚазҰУ заңгерлерінің қажырлы еңбегі Қазақстан Республикасы Президенті тарапынан жоғары бағаланды.

Мемлекет басшысы эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жасаған ресми сапары барысында университет заңгерлерінің бұл еңбегін арнайы атап өтіп, ғалымдарымызға әртүрлі деңгейдегі жоғары мемлекеттік марапаттар табыстады. Президенттің қара шаңыраққа келуі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған үндеуінде бұл реформаның стратегиялық мәнін аша түсіп: «Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен тәртіп, еңбексүйгіштік пен өрлеу, тазалық пен табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз», — деп атап көрсетті.

Конституция күнінің ұлттық болмысымыздың символы — «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтуі де мемлекеттің құқықтық жаңаруын қоғамның рухани жаңғыруымен ұштастырған терең пәлсапалық шешім екені даусыз. Президенттің бұл пайымы конституциялық реформалардың негізгі идеологиялық архитектоникасын құрайды.

Осы құндылықтар салтанат құрған тарихи сәтте Мемлекет басшысы Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысына қатысып, ел дамуының жаңа дәуірін айқындаған маңызды қорытынды сөз сөйледі. Президент ширек ғасырдан астам уақыт бойы қызмет етіп, 3 500-ден астам заң қабылдаған қоспалаталы жүйенің миссиясын жоғары бағалай отырып, Ата заң аясында орныққан билік жүйесінің негізгі өзегін нақтылап берді. Президенттің пәрменімен елімізде «Күшті Президент — ықпалды Құрылтай — есеп беретін Үкімет» деген базалық формула толыққанды институционалды сипатқа ие болды. Жаңа Конституция бойынша Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы ретінде Президент ішкі-сыртқы саясаттың негізгі бағдарлау-

шысы бола отырып, заң шығарушы және қоғамдық институттармен теңгерімді байланыс орнатады.

Мемлекет басшысының жаңадан құрылатын заң шығарушы орган — Құрылтай мен жаңа конституциялық орган — Қазақстан Халық Кеңесіне қатысты пайымдарын ғылыми қауымдастық та ерекше қолдайды.

Жаһандық технологиялық прогресс пен жасанды интеллект дәуірінде ұлттық заңнаманы тез

“ Президент ширек ғасырдан астам уақыт бойы қызмет етіп, 3 500-ден астам заң қабылдаған қоспалаталы жүйенің миссиясын жоғары бағалай отырып, Ата заң аясында орныққан билік жүйесінің негізгі өзегін нақтылап берді.

өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу міндеті тұр. Президент атап өткендей, Қазақстан электронды үкіметтің (e-Government) дамуы бойынша әлемдегі үздік 25 елдің қатарына енсе, ендігі кезекте толыққанды «Электронды Парламент» (e-Parliament) жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Бұл заң шығару ісінде Үлкен дерекқорды (Big Data) басқару арқылы шешімдер қабылдауға жол ашады. Ал бұрынғы Ассамблеяның міндетін тереңдетіп, конституциялық деңгейге көтерілген Халық Кеңесі — елдің үніне құлақ асатын, заң шығару бастамасын көтере алатын бірегей диалог алаңына айналады.

Президент өз сөзінде еліміздің экономикалық қауіпсіздігі мен әлеуетіне де салмақты талдау жасады. Сыртқы жаһандық сынкатерлерге қарамастан, былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсіп, жалпы ішкі өнім ел тарихында

екі жылда тағы 3 триллион теңге инвестиция есебінен 200-ден астам жаңа өндіріс орны ашылмақ. Ең бастысы, шағын және орта бизнес саласы ЖІӨ-нің 40 пайыздан астамын қамтып, рекордтық көрсеткішке жетті. 4,5 миллион азаматымыздың табысы осы сектормен байланысты болуы — қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының басты кепілі.

Мемлекет басшысы отандық ғылым мен заманауи технологиялар ұштасқан салаларға, соның ішінде фармацевтика индустриясына жоғары баға берді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) бағалауы бойынша Қазақстанның фармацевтика саласында ТМД көлемінде көш бастап тұруы және нарық көлемінің 1 триллион теңгеден асуы отандық медицина

және біздің ғалымдарымыздың конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етудегі рөліне жеке тоқталуы — ұлттық ғылым мектебіне көрсетілген үлкен сенім мен шынайы құрметтің белгісі. Бұл — бүкіл университет ұжымы үшін үлкен мәртебе әрі зор мақтаныш.

Осы іргелі жұмыстардың көрнекті нәтижесі ретінде ҚазҰУ заңгер-ғалымдары жаңа Конституцияның нормаларын терең зерделең, оның мән-мағынасын жұртшылыққа кеңінен түсіндіруге арналған қазақ және орыс тілдеріндегі арнайы кітапты жарыққа шығарды. Бұл қос тілдегі еңбек қоғамның құқықтық мәдениетін көтерудің құнды құралына айналмақ. Қазіргі таңда университеттің ғылыми мектебі Конституцияның нормаларының мазмұны мен қолдану тәртібін ғылыми-құқықтық тұрғыдан негіздеуіне іргелі ғылыми түсіндірмені дайындау бойынша жүйелі қызметін жалғастыруда. Біздің профессор-оқытушылар құрамы биылғы ақпан-маусым айлары аралығында өткен ауқымды түсіндіру іс-шараларына белсенді қатысып, жаңа заңнамалық нормаларды халыққа терең әрі ұғынықты тілде жеткізе білді.

Конституцияның жаңа басылымы — еліміздің құқықтық мемлекет құру жолындағы берік тұғыры. Біздің мақсатымыз — заңдарды қабылдауға немесе оларды түсіндіруге ғылыми қолдау көрсетіп қана қоймай, сол заңдардың үстемдігін қорғайтын, жаңа құқықтық сана қалыптасқан отаншыл, білікті жаңа буын мамандарын тәрбиелеу. Бұл ортақ міндет қоғамның тұрақтылығы мен бірлігіне тікелей қызмет етеді. Мемлекет басшысының ғылыми қауымдастыққа және тікелей біздің университетке көрсеткен жоғары сенімі эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына зор жауапкершілік жүктейді және алдағы уақытта да отандық ғылым мен білім беру саласында сапалы әрі жүйелі жұмыс атқаруға жұмылдыра түседі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Сот жүйесін дәйекті түрде жаңғырту – Қазақстандағы мемлекеттік реформалардың басты бағытының бірі. Оның мақсаты заңнаманы жетілдірумен және заманауи технологияларды енгізумен ғана шектелмейді. Ең алдымен, ол азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға бағытталған. Себебі қоғамның сотқа деген сенімі – сот билігі қызметінің тиімділігін айқындайтын басты көрсеткіш, ал оның негізінде судьялардың кәсібилігі, тәуелсіздігі және мінсіз беделі жатыр.

Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезінде 2024 жылғы 4 қазанда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әділ сот мемлекеттің берік тірегі екенін, ал сот жүйесі беделді әрі бейтарап болуға тиіс екенін атап өтті. Президент тәуелсіз әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастыру ісіндегі Жоғары Сот Кеңесінің айрықша рөлін атап өтіп, сот кадрларын іріктеуге және олардың біліктілігін арттыруға жауапкершілікпен қараудың маңыздылығына назар аударды.

Аталған басымдықтар Кеңес қызметінің стратегиялық бағдарларын айқындайды. Оларды іске асыру судьялар корпусын даярлау мен кәсіби дамытудың заманауи жүйесінсіз мүмкін емес.

Бүгінде біліктілікті арттыру судьяның кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Оның мақсаты – үнемі өзгеріп отыратын заңнама мен сот практикасы жағдайында білімді уақытылы жаңартып отыру, практикалық дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ заңды, уәжді және әділ сот шешімдерін қабылдау үшін қажетті кәсіби әрі әдептік құзыреттерді дамыту. Мұндай жүйе заңнаманың біркелкі қолданылуына, сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға және қоғамның сотқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Дәл осы себепті Жоғары Сот Кеңесі қызметінің негізгі бағытының бірі ретінде судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, сот билімінің заманауи жүйесін дамыту айқындалды.

Осы жұмыстың маңызды кезеңінің бірі – 2024 жылы Сот төрелігі академиясының Кеңес қарамағына берілуі болды. Бұл шешім судья кадрларын даярлау және олардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді.

Осы жұмыстың заңды жалғасы ретінде 2025-2027 жылдарға арналған Сот төрелігі академиясын дамыту тұжырымдамасы бекітілді.

Бұл құжат білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының шеңберінен әлдеқайда ауқымды мәнге ие. Ол Жоғары Сот Кеңесінің кадр саясатын іске асырудың жаңа тәсілдерін айқындайды. Алғаш рет сот билімі судьяның кәсіби қалыптасуының барлық кезеңдерін – кадр резервін қалыптастырудан бастап, қызметтегі судьялар мен сот төрағаларының құзыреттерін үздіксіз жетілдіруге дейін қамтитын біртұтас әрі үздіксіз кәсіби сүйемелдеу жүйесі ретінде қарастырылды.

Тұжырымдама сот билімі саласындағы кейінгі барлық жаңғырту жұмыстарын өзара сабақтас жү-

йеге біріктірді. Судьялардың біліктілігін арттырудың дараландырылған бағдарламалары, референдиат институты, сот төрағаларын қайта даярлау және қосымша білім беру жүйесін дамыту – барлығы қазіргі заманғы судьялар корпусын қалыптастыруға бағытталған бірыңғай

стратегияның өзара байланысты құрамдас бөліктеріне айналды.

Халықаралық тәжірибе мұндай тәсілдің тиімділігін дәлелдеп отыр. Францияда Ұлттық магистратура мектебі судьяның бүкіл кәсіби қызметі барысында оның кәсіби дамуын қамтамасыз етіп, заңнама мен сот практикасының өзгерістеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын тұрақты түрде жаңартып отырады. Нидерландта оқыту жүйесі судьялардың мамандануы мен кәсіби қажеттіліктерін ескеретін жеке білім беру траекториялары негізінде ұйымдастырылған. Ал Сингапур Сот колледжі үздіксіз білім алуды судья кәсібінің міндетті құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, құқық мәселелерімен қатар сот әдебі, көшбасшылық, сот әкімшілігі және заманауи технологияларды қолдану бағыттарына ерекше көңіл бөледі.

Осыған ұқсас тәсілдер соттарды басқару саласындағы халықаралық институттардың ұсынымдарында да көрініс тапқан. Олар үздіксіз оқытуды сот төрелігінің сапасын қамтамасыз ететін маңызды кепілдіктердің бірі ретінде бағалайды. Қазақстан бұл қағидаттарды ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктеріне бейімдей отырып, кезең-кезеңімен енгізіп келеді.

Қазіргі сот төрелігі судьяға осыдан он жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғары талаптар қояды. Заңнама үнемі жаңартылып, жаңа құқықтық институттар қалыптасуда, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңеюде, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарының ықпалы артып келеді. Сонымен қатар қоғам сот шешімдерінің жоғары сапасын, сот практикасының біркелкілігін, сот актілерінің нанымды уәжделуін және сот жүйесінің ашықтығын күтеді.

Осындай жағдайда судьяның кәсібилігі үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Сондықтан Жоғары Сот Кеңесі сот билімін біліктілікті кезең-кезеңімен арттыру құралы ретінде емес, судьяны бүкіл кәсіби қызметі барысында сүйемелдейтін жүйелі кәсіби даму тетігі ретінде қарастырады.



КӘСІБИ СУДЬЯ – СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ДЕГЕН СЕНІМНІҢ НЕГІЗІ

Бұл модельді іс жүзінде іске асыру қосымша кәсіптік білім беру жүйесін реформалаудан басталды.

Алғашқы шешімдердің бірі ретінде біліктілікті арттырудың дараландырылған бағдарламалары енгізілді. 2025 жылы Сот төрелігі академиясында алғаш рет судьялардың біліктілігін арттырудың дәстүрлі «жалпыланған» бағдарламаларынан дараландырылған оқыту бағдарламаларына кезең-кезеңімен көшу басталды. Жаңа

қайта даярлау бағдарламаларының жаңа форматта қайта іске қосылуы болды.

Қазіргі заманғы сот төрағасы – тәжірибелі судья ғана емес, сонымен қатар сот қызметін ұйымдастыруға, ұжым жұмысының тиімділігіне және кәсіби ортаны қалыптастыруға жауапты басшы. Әлемдік тәжірибе сот жүйесінің табысты жұмыс істеуі көбіне сот менеджментінің сапасына байланысты екенін көрсетеді. Сондықтан сот басшыларын



Қазіргі сот төрелігі судьяға осыдан он жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғары талаптар қояды. Заңнама үнемі жаңартылып, жаңа құқықтық институттар қалыптасуда, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңеюде, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарының ықпалы артып келеді.

тәсіл оқу бағдарламаларын судьялардың нақты тақырыптар бойынша білім қажеттіліктеріне қарай қалыптастыруды, сондай-ақ тиісті саладағы жоғары білікті дәріс берушілерді тартуды көздейді.

Бұл міндетті іске асыру әрбір судьяның біліміндегі жеке олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталған оқыту жүйесін қалыптастыруға және соның нәтижесінде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырудың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Алдағы уақытта да судьяларды оқытуды одан әрі дараландыру бағыты сақталатын болады.

Тағы бір маңызды бағыт – 2025 жылы аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағаларын

даярлау бағдарламаларына стратегиялық басқару, көшбасшылық, өзгерістерді басқару, тиімді коммуникация және цифрлық трансформация мәселелері енгізіледі.

Бұл тәсілдер алғаш рет Сот төрелігі академиясында да іске асырылды. Қайта даярлаудың жаңа бағдарламалары сот төрағаларының басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бұл оларға сот ұжымдарының жұмысын тиімді ұйымдастыруға және судьялардың өздерінің басты міндеті – әділ сот төрелігін жүзеге асыруға толыққанды ден қоюына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2025 жылы Сот төрелігі академиясында алғаш рет референдиат институты іске қосылды. Бұл – сот жүйесінің кадр резервін

қалыптастыруға бағытталған, судьялыққа әлеуетті кандидаттарды даярлаудың жаңа бағдарламасы. Референдиат курстары үміткерлерді судья лауазымына орналасуға арналған біліктілік емтиханына жан-жақты дайындауға бағытталған.

Бағдарлама құқықтың негізгі салаларын және сот ісін жүргізудің барлық басты түрлерін қамтиды: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу. Оқу барысында тыңдаушылар өзекті сот практикасын зерделейді, нақты құқықтық жағдаяттарды талдайды және құқықтық талдау жасау дағдыларын жетілдіреді.

Бағдарламаның айрықша ерекшелігі – оқу үдерісіне Жоғары Сот пен жергілікті соттардың судьяларының, Жоғары Сот Кеңесі мүшелерінің, Сот төрелігі академиясының профессорлық-оқытушылық құрамының, жетекші ғалымдар мен тәжірибелі заңгерлердің тартылуы. Мұндай оқыту форматы кәсіби тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз етіп, болашақ судьялыққа кандидаттарға сот қызметінің озық стандарттарын тікелей меңгеруге мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру жүйесін заң қоғамдастығының өкілдері үшін кеңейту де маңызды бағыттың біріне айналды.

Жоғары Сот Кеңесі сот төрелігінің сапасы көп жағдайда сот процесіне қатысушылардың барлығының жалпы кәсіби мәдениетінің деңгейіне байланысты деген ұстанымды басшылыққа алады. Осыған байланысты Сот төрелігі академиясы адвокаттарға, нотариустарға, заң консультанттарына, корпоративтік заңгерлерге және заң қоғамдастығының өзге де өкілдеріне арналған білім беру бағдарламаларының аясын едәуір кеңейтті. Мұндай формат кәсіби диалогтың дамуына және заңнаманың біркелкі қолданылуына ықпал етеді.

Сот төрелігі академиясында жүзеге асырылып жатқан барлық жобалар сот билімін дамытудың бірыңғай стратегиясының өзара сабақтас элементтері болып табылады. Конституция мен заңдарда өзіне жүктелген кәсіби судьялар корпусын қалыптастыру жөніндегі міндеттерді орындай отырып, Жоғары Сот Кеңесі сот жүйесінің мемлекеттік кадр саясатының аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде сот билімін дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды.

Жүргізіліп жатқан барлық жаңғырту жұмыстарының түпкі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Сондықтан судьялардың кәсіби дамуына салынған инвестиция – бұл сот төрелігінің сапасына, қоғамның сот билігіне деген сеніміне және заң үстемдігінің нығаюына салынған инвестиция. Сотқа деген сенім құқықтық мемлекеттің кемелденуінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып қала береді және Әділетті Қазақстанды одан әрі құрудың негізгі алғышартының бірі болып табылады.

Дмитрий МАЛАХОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
Төрағасы

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Лариса БОЖКО (фото)

Домбыра барда, МОЛ МҰРА бар

«Домбырамды арқалап,
Белуардан су кештім,
Толарсақтан құм кештім.
Аспандағы жұлдызбен,
Айдындағы аққумен
Күмбір-күмбір тілдестім.
Іліп қойған төрінде домбырасы болмаса,
Уығы алтын болса да,
Ақ ордаға кірмесің»...

Көрнекті ақын Жәркен Бөдешұлының осы көркем жыр жолдары әр қазақтың көңіл пернесін дөп басқандай. Себебі домбыра — жай ғана аспап емес, халқымыздың қадір-қасиетін, шерлі шежіресін шертетін ұлы мұра. Кос ішектің құдіретіне бойласак, оның тарихы тым тереңде жатқанын байқаймыз. 2010 жылы Алтай тауының Моңғолия аумағындағы көне үңгірлерінен табылған жәдігер мұны бұлтартпай дәлелдейді. Ғалымдар бұл жәдігердің шамамен 1 500 жылдық тарихы бар екенін, яғни біздің заманымыздың V ғасырында жасалғанын анықтады. Осы бір қасиетті кара ағаш ер жігіттің бес қаруымен жанында қатар жүрген.

Нағыз көшпендінің өзі аттын құлағында ойнаса, қолы домбыраның қос ішегінде ойнаған. Ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, Жошының қазасын Шыңғыс ханға естіртуге ешкімнің батылы бармаған кезде Кетбұға жырау дәл осы домбыра күйімен қаралы хабарды жеткізген екен. Тіпті, орта ғасырларда ғұмыр кешкен ғұлама әл-Фараби мен кейінгі дәуірдегі хәкім Абай да домбыра үнінің адам жанына шипа болар қасиетін атап айтқан. Сондай-ақ ұлы даланы адуынды арынымен тербеген Құрманғазы күйшісіз қазақ руханиятын көзге елестету қиын. Оның туындылары түсінген адамды жылатады да, жұбатады да, шамына тиіп, шабытын қайрайды да. Құрманғазы — сонау кер заманның өзінде ұлттық сананы асқан күйлерімен оятып, қайраты-

на қайта мінгізген тұлға. Көзі тірісінде қазақ сазының сайыпқыраны атанған Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы — өз алдына бір төбе. Тындарман жүрегіне жол тауып, отандық фильмдерді әсем әуенмен әрлеген дауылпаз дарын салсерілердің соңғы тұяғы іспетті. Ол уақыттың өктемдігіне бағынбай, бағыт-бағдарынан айнымай, тұған топыраққа табанын нық тіреп тұрып арман-ансарын дыбысқа айналдырды. Дәстүрлі музыканың әрін тайдырмай, нәрін жоғалтпай, өзіне тән кәсіби шеберлігімен жарқырады. Сол сияқты Төлеген Момбековтің «Салтанатын» ұйып тындамаған қазақ кемде-кем шығар. Зәулім бәйтеректің бұтағына қонақтап, тамылжыта сайраған сандуғаш іспетті Қаршыға Ахмедияровтың өнері — өзінше бөлек әлем. Тереңнен толғап, көнекөздердің мирасын сары алтындай сақтаған біртуар композитор-орындаушы домбыраны әлемге әйгіледі. Талай мұрағаттың шанын үрлеген Таласбек Әсемқұлов-

домбыра болса керек. Осынау киелі аспап ғасырлар қойнауында қалып қоймай, XXI ғасырда жас ұрпақтың жадында жаңғырса, бұл үшін біз жанағы алыптарға қарыздармыз. Таласбек Әсемқұловтың жазуынша, баяғыда қазақтар жақсы домбырашыны «айтқыш екен» деп мактаған деседі. «Шерткіш» емес, «тартқыш» емес, «айтқыш» депті. Өйткені шын күйші ойпікірін дыбыс тіліне айна-катесіз аударады.

Иә, домбыра сөйлейді, домбыра күледі, домбыра жылайды, домбыра жырлайды. Домбыра сазымен бір күлдіріп, бір жылата білетін дәулескер өнерпаздар қазір де аз емес. Сондықтан шығар, Қазақстанда 2018 жылдан бері шілде айының алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні кең көлемде тойланады. Бұл мерекенің негізгі мақсаты — ұлттық құндылықтарымызды, ата-бабамыздан қалған кастерлі өне-

рімізді дәріптеу және рухани болмысымызды жаңғырту.

Бүгінде бұл мерекенің мемлекеттік деңгейде тойлануына кезінде жастар бастаған үлкен қозғалыстың септігі тиді. 2012 жылы бір топ белсенді қазақ блогерлері KerekInfo платформасында бас қосып, Dombura Party флешмобын ұйымдастырды. Жобаның басы-қасында Аршат Оразов, Алдан Жылғелді, Нұрғиса Асылбеков, Маралбек Сағынға-

нов, Жанасыл Болатбек, Данияр Киелі аспап ғасырлар қойнауында қалып қоймай, XXI ғасырда жас ұрпақтың жадында жаңғырса, бұл үшін біз жанағы алыптарға қарыздармыз. Таласбек Әсемқұловтың жазуынша, баяғыда қазақтар жақсы домбырашыны «айтқыш екен» деп мактаған деседі. «Шерткіш» емес, «тартқыш» емес, «айтқыш» депті. Өйткені шын күйші ойпікірін дыбыс тіліне айна-катесіз аударады.

Козғалыстың басты ерекшелігі ешқандай саясатсыз, музыкалық білімі жоқ адамның да домбыра тарта алатынын дәлелдеу еді. Әлеуметтік желі арқылы жиналған жастар демалыс немесе жұмыс күндері саябақтарда бас қосып, күй күмбірлетті. Астанадан бастау алған бұл толқын тез арада Алматы, Шымкент, Атырауға тарап, тіпті әлемнің әр қиырын аралаған халықаралық трендке ұласты. Осыдан бірнеше жыл бұрын басталған бірегей қозғалыс Порту, Берлин, Лондон және Ыс-

тамбұл сияқты әлемнің ірі шаһарларын шарлап үлгерді. Белсенді блогерлер мен шетелдегі қазақ студенттері қандастарымыздың басын қосып, патриоттық флешмобтар өткізді. Олар «төрте тұрған домбыра жай ақсесуар болмауға тиіс» деген ұстаныммен ұлттық аспапты еуропалықтарға танытты. Нұрғиса Асылбеков бір сөзінде шетелдегі қызықты оқиғаларын бөлісіп: «Португалияда кеден қызметкерлері домбыраға күмәнмен қарап, ішін жарып тексерді. Бірақ біздің жастар оны қайта желімдеп, думанды кештерде көңілге қаяу түсірмеді», — деп жерлестеріміздің табандылығына сүйсінеді. Сол кезде себілген дән бүгінде мүлдем жаңа деңгейде жемісін беріп жатыр. Қазақ даласының қоңыр сазы енді өзге ұлт өкілдерін де баурап алған. Жақында Токиодағы Мэйдзи ғибадатханасының жанында қазақ күйлерін күмбірлеткен жапон азаматы Акира Такегучи туралы ақпарат шықты. Қазақтың кең тынысты музыкасына шын ғашық болған Акира домбыраны алғаш рет Ыстамбұлда көріп, кейін бұл аспапты жанынан тастамайтын болған. Қазіргі уақытта жапон күйшісінің репертуарында «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын» секілді 20-дан астам күрделі күй бар. Тіпті, «Акку» күйімен Жапонияда өткен музыкалық конкурста бас жүлдені иеленіп, қазақ өнерінің құдіретін Күншығыс елінде тағы бір айғақтады.

Күні кеше Астанадағы «ашық микрофон» форматында кезекті Dombura Party ұйымдастырылды. Мұнда қала тұрғындары мен қонақтары өз домбырасын ала келіп, күй тартып, халық әндерін орындап, мерекелік көңіл күйдің бір бөлшегіне айналды. Тамырдағы әр тамшы қанымызды тулатып, даланың дүбірін жаңғыртқан іс-шара жыл сайын ауқымын кеңейтіп, дәстүрлі өнердің заманауи келбетін қалыптастырып келеді. Қасиетті кара домбыраның үні әрдайым ұлттық болмысымыз бен рухани құндылығымыздың басты көрсеткіші болып қала бермек.

Айсұлу ЕРДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті



ЖАНАЗЫҚ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Кітап оқу мәдениетін дамы-
ту және зерделі ұлт қалыптастыру
жөніндегі шаралар туралы»

Жарлығы қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін арттыруға, кітап оқуды білім мен тәрбиенің маңызды өзегіне айналдыруға бағытталған. Бұл бастама кітапты ұлт дамуының рухани тірегіне айналдырып, ойлы, білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге жол ашары сөзсіз. Осы орайда біз Ұлттық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергеновқызына бірнеше сауал тастадық.



Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Ұлттық кітапхана директоры:

КІТАПХАНА – ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

жүзеге асыруда кітапханалардың рөлі қандай болуы керек?

— Кітапқа деген қызығушылық отбасында басталып, мектепте жалғасып, кітапханада тұрақты дағдыға айналуға тиіс. Сондықтан кітапханалар білім беру ұйымдарымен, ата-аналар қауымдастығымен және шығармашылық зиялы қауыммен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет.

Бүгінгі жас буынмен жұмыс істеудің әдістері бұрынғыдан өзгеше. Жастарға тек кітап ұсыну жеткіліксіз. Олармен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру, әдеби клубтар құру, авторлармен кездесулер өткізу, оқырман марафондары мен шығармашылық жобаларды көбейту маңызды.

Президент бастамасымен қолға алынатын «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасы кітап оқуды қоғамдық құндылық ретінде дәріптеуге тың серпін береді деп сенеміз. Мұндай жобалар жастар арасында оқу мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, кітап оқуды беделді интеллектуалдық үрдіске айналдырады.

— **Құжатта ұлттық әдеби мұраны дәріптеу, отандық авторларды қолдау және қазақ әдебиетін кеңінен насихаттау мәселелері де қамтылған. Бұл бағытта кітапханалардың миссиясы қандай?**

— Кітапхана — ұлттық жадымыздың сақтаушысы. Біз әдеби мұраны жинақтап қана қоймай, оны қоғамға қайта ұсынатын мәдени институтпыз. Сондықтан кітапханалардың алдында ұлттық әдебиетті кеңінен таныту, сирек қорларды ғылыми айналымға енгізу, отандық авторлардың шығармаларын насихаттау міндеті тұр.

Ұлттық кітапханада жазушылардың мерейтойларына арналған көрмелер, ғылыми конференциялар, әдеби кештер, жаңа кітаптардың таныстырылымдары ішкі ереже негізінде тұрақты өткізіледі. Сонымен қатар халықаралық мәдени байланыстар арқылы қазақ әдебиетін шетелдік оқырманға таныстыру бағытындағы жұмыстар да жалғасуда.

Әдеби мұраның цифрлық форматқа көшірілуі, сапалы аудармалардың көбеюі



Кітапхана – ұлттық жадымыздың сақтаушысы. Біз әдеби мұраны жинақтап қана қоймай, оны қоғамға қайта ұсынатын мәдени институтпыз. Сондықтан кітапханалардың алдында ұлттық әдебиетті кеңінен таныту, сирек қорларды ғылыми айналымға енгізу, отандық авторлардың шығармаларын насихаттау міндеті тұр.

және халықаралық ғылыми әріптестіктің дамуы ұлттық әдебиеттің әлемдік мәдени кеңістіктегі орнын нығайта түседі.

— **Алдағы жылдары «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа заң әзірленеді. Кітапхана саласы үшін бұл қандай мүмкіндіктер береді?**

— Бұл — кітапхана жүйесінің құқықтық негіздерін қазіргі заман талаптарына сәйкестендіретін маңызды құжат болады деп күтеміз. Кейінгі жылдары кітапхана қызметінің мазмұны айтарлықтай өзгерді. Цифрлық ресурстар, электрондық қорлар, жасанды интеллект элементтері, қашықтан қызмет көрсету секілді бағыттар заңнамалық тұрғыдан жан-жақты реттеуді қажет етеді.

Жаңа заң кітапханалардың қоғамдағы мәртебесін күшейтіп, кітапханашы мамандығының кәсіби әлеуетін арттыруға, қорларды сақтау мен толықтырудың заманауи тетіктерін қалыптастыруға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және оқырманға көрсетілетін қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Бұл құжат кітапхана ісінің болашақтағы дамуына берік құқықтық негіз қалыптастырады.

— **Президент бастамасының түпкі мақсаты – зерделі ұлт қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде Қазақстан кітапханалары қандай үлес қоса алады?**

— Зерделі ұлт кездейсоқ қалыптаспайды. Ол үздіксіз білім алатын, кітаппен тұрақты байланыста болатын, ұлттық мәдениетін құрметтейтін және әлемдік өркениетке ашық қоғамда қалыптасады. Осындай ортаны қалыптастыруда кітапханалардың орны ерекше.

Қазақстан кітапханалары халыққа білім мен ақпаратқа тең қолжетімділік ұсынады, тарихи жадымызды сақтайды, ғылыми зерттеулерді қолдайды, мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізеді. Бұл — мемлекеттің интеллектуалдық қауіпсіздігіне қосылатын маңызды үлес.

Президенттің Жарлығы кітапхана саласының стратегиялық маңызын тағы бір мәрте айқындады. Ендігі міндет — осы бастамаларды нақты жобаларға айналдырып, әрбір азаматтың кітапқа қолжетімділігін кеңейту, оқу мәдениетін күнделікті өмір салтына айналдыру. Сонда ғана біз білімді, ойлы, рухани бай әрі бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыру жолында нақты нәтижеге қол жеткіземіз.

Президентіміздің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы — еліміздің рухани дамуы мен интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған тарихи құжат. Бұл бастама кітап оқу мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, кітапхана саласының қоғам өміріндегі стратегиялық маңызын айқындап берді. Мемлекет басшысы айқындаған міндеттер кітапхана ісінің болашағына тың серпін беріп, ұлттық құндылықтарды сақтауға, білімге негізделген қоғам қалыптастыруға берік негіз қалайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы бұл бастамаларды жүзеге асыруға өзінің ғылыми, әдістемелік және мәдени әлеуетін толық жұмылдырады. Алдымызда оқырманға қолжетімді заманауи кітапханалық ортаны қалыптастыру, ұлттық әдеби мұраны кеңінен дәріптеу, цифрлық ресурстарды дамыту, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, өмірлік кітапханалардың әлеуетін күшейту сияқты ауқымды міндеттер тұр. Бұл жұмыстардың барлығы кітапханаларды қоғамның зияткерлік дамуына қызмет ететін заманауи білім мен мәдениет орталығына айналдыруға бағытталған.

Президент Жарлығында көзделген бірыңғай Ұлттық цифрлық кітапхана платформасын құру, «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа заңды әзірлеу, «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын қабылдау, кітап оқу мәдениетін дамытудағы үздік жетістіктерді мемлекеттік деңгейде қолдау сияқты бастамалар сала үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл шешімдер кітапхана қызметінің мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, ақпараттық тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, кітапханашы мамандығының мәртебесін көтеруге және кітаптың қоғамдағы құндылығын нығайтуға ықпал етеді.

Кітапхана — өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір ғана емес, болашаққа бағдар беретін рухани институт. Зерделі ұлт, ең алдымен, кітаппен тәрбиеленеді. Сондықтан әрбір кітапхана, әрбір кітапханашы осы үлкен мемлекеттік міндеттің бел ортасында болуға тиіс.

Біз қоғамның барлық институтымен бірлесіп, кітап оқуды өмір салтына айналдыруға, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық руханиятты дәріптеуге және білімге негізделген бәсекеге қабілетті Қазақстанды қалыптастыруға өз үлесімізді қоса береміз.

Президентіміз айқындаған бұл стратегиялық бағыт — бүгінгі буынның ғана емес, келер ұрпақтың интеллектуалдық келбетін қалыптастыратын маңызды бағдар. Осы жауапты міндетті жүзеге асыру жолында Қазақстан кітапханалары мемлекет пен қоғамның сенімді серіктесі болып қала береді. Біз үшін кітап — білімнің бастауы ғана емес, ұлттың рухани қуаты мен өркениетті болашағының берік тұғыры!

— **Мазмұнды әңгіменізге көп рақмет!**

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

— Мемлекет басшының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қоғамда үлкен серпіліс туғызды. Сіздің ойыңызша, бұл құжаттың тарихи маңызы неде?

— Бұл Жарлық — кітап пен кітапхананың қоғамдық дамудағы орнына берілген жоғары мемлекеттік баға деп есептеймін. Құжатта кітап оқу мәдениеті мәдени саясаттың ғана емес, адами капиталды дамыту, білім беру, тәрбие және ұлттық құндылықтарды нығайтудың негізгі тетігі ретінде айқындалған. Бұл — кітапханалар қызметінің жаңа кезеңге аяқ басқанын білдіреді.

Бүгінде әлемде ақпарат көлемі еселеп өсіп келеді. Осындай жағдайда адамның ақпаратты талдау қабілеті, сыни ойлауы, рухани дүниесі ерекше мәнге ие. Осы қасиеттердің барлығы, ең алдымен, кітап оқу арқылы қалыптасады. Сондықтан Президент бастамасы кітап оқуды насихаттаумен ғана шектелмейді. Ол — білімді, мәдениетті, жауапты азамат тәрбиелеуге бағытталған ұзақмерзімді мемлекеттік саясат.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы бұл бастаманы жүзеге асыруда әдістемелік, ғылыми және мәдени орталық ретінде белсенді жұмыс атқарады. Біз үшін басты міндет — кітапхананы тек кітап сақталатын орын емес, қоғамдық пікір қалыптасатын, білім мен мәдениет тоғысатын интеллектуалдық кеңістікке айналдыру.

— **Президент Жарлығында жаңа форматтағы кітапханалар мен заманауи қоғамдық кеңістіктер құру міндеті қойылды. Бұл бағытта кітапханалар қандай өзгерістерге дайын болуы қажет?**

— Қазіргі кітапхана түсінігі түбегейлі өзгеріп келеді. Әлемдік тәжірибеде кітапхана білім алудың, шығармашылықтың, ғылыми ізденістің және қоғамдық диалогтың маңызды алаңына айналды. Қазақстандағы кітапханалар да осы үрдістен тыс қалмайды.

Жаңа форматтағы кітапхана — бұл заманауи технологиялар енгізілген, цифрлық қызметтері дамыған, барлық жас санатына қолайлы, ашық қоғамдық кеңістік. Мұнда оқырман кітап алып қана қоймай, ғылыми дерекқорлармен жұмыс істейді, білім беру бағдарламаларына қатысады, мәдени іс-шараларға келеді, шығармашылық кездесулер өткізеді.

Ұлттық кітапхана кейінгі жылдары электрондық қорды дамытуға, сирек кітаптарды цифрландыруға, қашықтан қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге ерекше көңіл бөліп келеді. Алдағы уақытта бірыңғай Ұлттық цифрлық кітапхана платформасының іске қосылуы еліміздің барлық өңіріндегі оқырмандар үшін тең мүмкіндік қалыптастырады. Бұл ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтіп қана қоймай, ұлттық әдеби мұраны сақтаудың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

— **Жарлықта кітап оқу мәдениетін балалар мен жастар арасында қалыптастыруға ерекше басымдық берілген. Бұл міндетті**

СЕРПІН

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Риддер қаласы индустриялық әлеуетті нығайту, инвестиция тарту, туризмді дамыту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында тұрақты оң серпін көрсетіп отыр. Қаланың даму стратегиясы экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.



РИДДЕР – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМЫҒАН ШАҒАРЫ

Өнеркәсіп өңір экономикасының негізгі тірегі болып қала береді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 74,5 млрд теңгені, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 65,7 млрд теңгені құрады. Жартыжылдық қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 89,4 млрд теңгеге жетеді деп күтілуде. Бұл көрсеткіштер қаланың өндірістік әлеуетінің тұрақты өсіп келе жатқанын және өңдеу секторындағы жоғары белсенділікті айқындайды.

Экономиканың өсуіне инвестициялық белсенділік ерекше серпін беруде. Негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 19,3 млрд теңгені құрады, оның 96,6

Туризм Риддердің жаңа экономикалық драйверлерінің біріне айналууда. Қала аумағында 42 туристік нысан жұмыс істейді, олардың бір мезгілде 1 717 адамды қабылдау мүмкіндігі бар. Өңірге келген туристер саны 10 987 адамды құрады. Туристік әлеуетті одан әрі дамыту мақсатында Риддер қаласының Туризм және инвестициялар орталығы құрылып, инвесторларды сүйемелдеу, жаңа туристік өнімдерді қалыптастыру және өңірдің халықаралық деңгейдегі тартымдылығын арттыру жұмыстары басталды.



Туризм Риддердің жаңа экономикалық драйверлерінің біріне айналууда. Қала аумағында 42 туристік нысан жұмыс істейді, олардың бір мезгілде 1 717 адамды қабылдау мүмкіндігі бар.

пайызы – жеке инвестициялар. Туризм және қызмет көрсету салаларында жалпы құны бірнеше миллиард теңгені құрайтын жаңа қонақүй кешендері, демалыс базалары мен туристік нысандардың құрылысы жалғасуда. Бұл жобалар өңір экономикасын әртараптандырумен қатар, жаңа жұмыс орындарын құруға және кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуде.

Риддерде оқиғалық туризм жүйелі түрде дамып келеді. Қала бүгінде халықаралық және республикалық деңгейдегі мәдени және спорттық іс-шараларды өткізетін маңызды орталықтардың біріне айналды. Ridder Extreme Enduro халықаралық фестивалі, Altay Golden Fest, Radon Race, Ski Summer Fest, «Убинские распеваы», «Медовый спас» фестивалдары жыл сайын



мындаған туристерді тартып, шағын және орта бизнестің дамуына, қызмет көрсету саласының кенеюіне және өңірдің танымалдылығының артуына ықпал етуде.

Ұлттық мәдениетті дамыту бағытында биыл Риддер тарихында алғаш рет «Риддер – кенді Алтайдың кереметі» облыстық ақындар айтысы өткізілді. Айтысқа өңірдің белгілі ақындары қатысып, ұлттық сөз өнерін, мемлекеттік тілдің мәртебесін және қазақ халқының рухани мұрасын дәріптеді. Айтыс жастардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырумен қатар, өңірдің мәдени имиджін нығайтқан маңызды қоғамдық жоба болды.

Ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында жоғары деңгейде II Ұлттық «Ата-Мұра» ойындары ұйымдастырылды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген спортшылар қазақтың дәстүрлі ұлттық спорт түрлері бойынша сынға түсіп, қала бірнеше күн бойы этномәдени орталыққа айналды. Іс-шара аясында этноауыл, қолөнер шеберлерінің көрмелері, ұлттық тағамдар фестивалі, этномәдени бірлестіктердің қатысуымен

мәдени бағдарламалар ұйымдастырылды. «Ата-Мұра» ойындары ұлттық мұраны жаңғыртып қана қоймай, этнотүрлі дамытуға және өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға нақты үлес қосты.

Риддердің ғылыми және мәдени әлеуетін арттыру мақсатында «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференцияға еліміздің жетекші ғалымдары, тарихшылар, этнографтар мен зерттеушілер қатысып, Алтайдың түркі өркениетіндегі орны, тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту және мәдени туризмді дамыту мәселелерін талқылады. Қабылданған ұсыныстар өңірдің

тарихи-мәдени әлеуетін ғылыми тұрғыдан зерделеуге және оны халықаралық деңгейде насихаттауға бағытталды.

Әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қалада күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалы пайдалануға беріліп, тұрғындар мен туристерге көрсетілетін қызмет сапасы жақсарды. 600 орындық жаңа мектептің құрылысы аяқталу сатысында. Сонымен қатар заманауи 500 келушіге арналған емхана және 200 төсектік стационар іске қосылып, тұрғындарға жоғары технологиялық медициналық қызметтер қолжетімді болды.

Халықты жұмыспен қамту бойынша 722 жаңа жұмыс орны құрылды. Мемлекеттік қолдау шаралары мен жеке инвестициялардың нәтижесінде кәсіпкерлік белсенділік сақталып, жаңа өндірістер мен қызмет көрсету нысандары ашылууда.

Риддердің ұзақмерзімді стратегиялық дамуындағы ең ірі жобасының бірі – «Анатау» халықаралық деңгейдегі төрт маусымдық тау-шаңғы курортын құру. Жоба аясында ұзындығы 60–100 шақырымға дейінгі тау-шаңғы трассалары, заманауи аспалы жолдар, 5 мың орындық қонақүй инфрақұрылымы және инженерлік желілер салу көзделген. Бұл жоба іске асқан жағдайда Риддер Қазақстанның ғана емес, Орталық Азиядағы жетекші тау туризмі орталықтарының біріне айналып, өңірдің инвестициялық және туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

Экономикалық өсімнің тұрақты қарқыны, өндірістің дамуы, жеке инвестициялардың артуы, туризмнің жаңа сапалық деңгейге көтерілуі, ұлттық мәдениетті қолдау және әлеуметтік инфрақұрылымның жаңаруы Риддердің елдің шығыс өңіріндегі стратегиялық маңызы бар өсу орталығы ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.



Дайындаған Мадияр ЖАЛҒАСҰЛЫ

ҚОҒАМ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Премьер-министр орынбасары әрі Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Парламент палаталарының бірлескен отырысынан кейін өткен брифингте әлеуметтік салаға қатысты маңызды жаңалық айтты. Оның сөзінше, келер жылғы бюджеттен осы блокқа кететін шығындарды 860 млрд теңгеге азайтпақшы. Айтуына қарағанда, бұл шығысты қысқарту емес, оңтайландыру. Сөйтіп, мемлекеттің әлеуметтік көмегін алатындар қатарында шын мұқтаждар ғана қалады да, үнемделген қаражат білім, ғылым, денсаулық, мәдениет сияқты маңызды салаларға қайта бөліну арқылы сол көмек алып келген жандарға басқа жолмен жетпек. Алайда бұл жаңалықтың кейінгі жылдары көп айтылып жүрген бюджет тапшылығы тұсында жарияланғаны қоғамда кереғар пікір тудырмай қоймады. Содан келіп күмәнді сұрақ туындайды: бұл бюджет қаражатын бекер шашпай, орнымен жұмсау мақсатындағы оңтайландыру ма, әлде астарында жатқан басқа мәселе бар ма?

қатысты, зейнетке шығу уақытын икемді реттеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылған. Бұл ұсыныс қараусыз қалған. Енді екінші отырыс шілденің басында қозғалыс өкілдерінің қатысуымен өтуі керек. Бірақ оның да күні әлі белгіленбеген.

«Құқық қорғау органдарының қызметкерлері 25 жыл еңбек өтілімен зейнетке шыға алады, ал қалған азаматтар үшін бұл талап неге 40 жыл? Бұл әрі-беріден соң Конституцияда кепілдік берілген теңдік ұстанымына қайшы. Сол 25 жылдық еңбек өтілінде базалық зейнетақы мөлшері күнкөріс минимумының 100%-ына тең.

БАЙЛАР САЛЫҒЫН АРТТЫРМАЙ МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Экономист Сапарбай Жобаев Үкімет жариялаған жаңалықты әдеттегідей бюджет тапшылығын азайту бағытындағы амалсыз қадам деп қарайды. Оның пікірінше, бірінші мәселе осы бюджет дефицитінде. Кейінгі 5-6 жылда соның 50%-ын Ұлттық қордан 5-6 трлн теңге, яғни 10-12 млрд доллар алып жауып келе жатқан едік. Осы мәселе кейінгі жылдары біраз шиеленісіп кетті. Сондықтан 2025 жылы салықтық реформа жүргізбекші болдық.

пайым шара болып қалды. Бюджет түсімін ептей алмағаннан кейін Үкіметіміз енді бюджет тапшылығын сол әлеуметтік төлемдерді төмендету жолымен азайтпақшы», — дейді сарапшы.

Екінші үлкен мәселе, сол бюджеттің әлеуметтік бағдарламаларына дүниежүзіндегі тәжірибе бойынша 50-60% кетеді. Себебі бюджеттің ең бірінші қызметі — әлеуметтік қорғалмаған, осал, мұқтаж жандарды қолдау болу керек. Ал бізде негізінен олигарх экономистерді қолдау болып отыр. Рас, экономикаға өте көп ақша шығарамыз. Бірақ оны бюджет емес, инвесторлар, үлкен банктер беру керек. Ал сол қазынадан кеткен ақшаның 30-40%-ы олигархтардың қалтасында қалады. Сондықтан әлгі айтқан билікте отырған «бизнесмендер» бюджеттің ақшасын бөліп алуға мүдделі. Олар өз мүддесін халықтан жоғары қоятыны белгілі.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК:

ОПТИМИЗАЦИЯНЫҢ АСТАРЫНДА НЕ БАР?

Ербол ТҰРЫМБЕТ

Парламентте сөйлеген Жұманғариннің айтуынша, бүгінде мемлекеттік бюджет шығыстарының 50,2%-ы түрлі әлеуметтік төлемге жұмсалады. Мәселен, кейінгі алты жылда 8,17 млн адамға берілетін әлеуметтік төлемдерге кететін шығындар екі еседен астам өсіп, 2020 жылғы 3,3 трлн теңгеден 2026 жылы 6,7 трлн теңгеге жеткен. Көпбалалы отбасыларға берілетін төлемдер де екі есеге, 367 млрд-тан 742 млрд теңгеге дейін артқан. Балалары бар отбасыларға берілетін жәрдемақы да 427 млрд-тан 974 млрд-қа өскен.

Тіл тиегін ағытқан министр есесіне, білім беруге бөлінетін қаражат ЖІӨ-ге шаққанда 3,8% ғана құрайтынына назар аударды. Денсаулық сақтау саласында 1,7% болса, мәдениет, спорт, туризм, ақпарат кеңістігі бағытында 0,7%. Ал ғылым саласындағы көлемі 0,1%-ға ғана тең екен. Сондықтан енді Үкімет алдында осыларды оңтайландырып, жұмсалатын шығындарды қысқарту міндеті тұр.

Оның пайымынша, бұл жерде әлеуметтік жәрдемақыларды тоқтату туралы сөз болып отырған жоқ. Әңгіме оптимизацияда ғана. Жоғарыда айтқан әлеуметтік маңызды салалар қаржыға жарымай отыр. Сол себепті, негізгі төлемдер сақталады да А және В санатындағы азаматтар үшін қайта қаралады. Өзі қаражатты өзге гуманитарлық бағыттарға қайта бөлуді мемлекет саясатының жаңа парадигмасы деп бағалайды. Қазір қазына тапшылығы мен мемлекеттік қарызды азайту мақсатында фискалдык шоғырландыру жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты бюджет кірістерін арттыру үшін, соның ішінде салық реформасы аясында бірқатар шара қабылданған. Алайда шығыстарды да қысқарту қажет екен.

КӨМЕКТІ ҚЫСҚАRTU — БҮГІН ШЫҚҚАН СӨЗ ЕМЕС

Жұманғариннің бұл мәлімдемесі әлбетте, қоғам белсенділеріне ұнап отырған жоқ.



Бюджеттің әлеуметтік бағдарламаларына дүниежүзіндегі тәжірибе бойынша 50-60% кетеді. Себебі бюджеттің ең бірінші қызметі — әлеуметтік қорғалмаған, осал, мұқтаж жандарды қолдау болу керек. Ал бізде негізінен олигарх экономистерді қолдау болып отыр.

«Қазақстан әйелдерінің зейнет жасын төмендету жөніндегі қозғалыс» өкілдерінің сөзінше, қазіргі жағдайда Үкіметке наразылығын айт-айтпа — бәрібір, олар қалайда өз дегенін істеп, әлеуметтік шығындарды азайтуға күш салады. Өйткені бұл бүгін ғана пайда болған әңгіме емес. Көптен сөз болып келген, енді нақты шешім шығарып отыр. Әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасын төмендету жөніндегі талай жылғы тартыс осының жарқын мысалы іспетті.

Қозғалыс жетекшісі Майкен Бегарыстанованың айтуынша, осыған дейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан құрылған жұмыс тобында зейнеткерлік жасын талқылауға қатысты бірінші отырыс өтті. Сонда Сенат депутаты Амангелді Нұғманов көп жыл бойы еңбек еткен азаматтарды қолдауға бағытталған ұсыныс жасаған. Айталық, 40 жыл еңбек өтілі бар азаматтар үшін, әсіресе бюджет саласы қызметкерлеріне

Неліктен дәл осы көрсеткішті негізге алмасқа? Сонда адам 25 жыл еңбек өтілімен (онысы жыл сайын индекстеліп отырады) шағын зейнетақымен зейнетке шыққысы келе ме, әлде 63 жасқа дейін жұмыссыз әрі табыссыз отыра бере ме — өзі шешеді», — дейді ол.

Сондай-ақ зейнетке шығу жасына қатысты Үкімет есебінің олқылығын мынадай мысалмен көрсетеді. Адам 17-18 жасында мектеп бітіреді. Одан кейін бірден жоғары оқу орнына түссе, оны 21-22 жасында тәмамдайды. Ал егер алдымен колледжде оқып, кейін ғана ЖОО-ға түссе, онда оқуын 25-26 жасында аяқтайды. Бұған 40 жыл еңбек өтілін қоссақ, адам 65-66 жасқа келеді. Бізде зейнетке шығу жасы — 63 десек, мұны қалай «мерзімінен бұрын зейнетке шығу» деп атауға болады? Оның үстіне, базалық зейнетақының ең жоғары мөлшерін алу үшін 35 жыл еңбек өтілі ғана есепке алынады. Оған дейінгі ондаған жыл бекер болғаны ма?

Сол Ұлттық қордан алынып жатқан ақшаның орнына салықтық реформа жасап, салық түсімдерін көбейту мақсатын қойды.

«Себебі бұл мәселені Президент сонау 2019 жылғы бірінші Жолдауында да айтқан. Біздегі олигархтар, үлкен компаниялар салық төлеуден көпшілігі жеңілдіктер алуға қол жеткізген. Себебі министрлікте де, әкімдікте де өздері отыр. Сол үшін Президент «солар ақшаны төлесін, әйтпесе, Ұлттық қордағы ақшамыз азая-

Жалпы, экономистің пайымынша, бюджетті оңтайландыру ұзақмерзімді мәселе. Әйтсе де бізде салық түсімін көбейту мүмкіндігі бар. Себебі көптеген үлкен компанияның салықты жөнді төлемей жатқаны, кейбірі АХҚО-ға тіркеуге тұрып алып, сол жердің жеңілдігін пайдалануы сияқты жайттарды тоқтатсақ, бюджет түсімі 17 трлн емес, 23 трлн теңгеге дейін баруы мүмкін еді.

«Осал топтарға жәрдем беру мәселесін қайтадан жақсылап қарау керек. Бізде сол топтар Үкіметке жүгінудің орнына банктерге, микроқаржы ұйымдарына барады. Ол артынан несиелі қайтармайтындар қатарын көбейтеді. Шынтуайтында, бұл Үкіметтің мәселесі. Бізде қазір халық арасындағы осал топ үлесі 10% шамасында. Бұл 20 млн халқымыздың 2 млн-ы деген сөз. Дамыған елдерде ол 2-3%, сол үшін оларда көмек беріп отыру қиын шаруа емес. Сол себепті, біздегі сол 18 млн халықтан, әсіресе байларынан салықты көбірек алып, әлгі 2 млн халықтың ең мұқтаж сегі 500 мыңы, тіпті миллионына тікелей атаулы әлеуметтік жәрдем беріп, сатып алу қабілетін арттыруымыз керек. Мұндай жағдайда Мажарстан, Чехия, Словакия, Польша сияқты Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесін алуға болады», — дейді экономист.

Әйтпесе, ауыл шаруашылығын субсидиялау, сол арқылы баға өсімін тоқтату талпынысына құр шығын ретінде қарайды. Өйткені баға сұраныс пен ұсыныстан қалыптасатындықтан, мұндай әкімшілік реттеу жағдайында өзіндік құнынан кем шығады. Сондықтан бағаға бәсекелестік жолымен ғана ықпал ету керек. Осы мәселелерді ретке келтірсе, Қазақстан экономикасының дамуына үлкен мүмкіндіктер ашылады деген ойда.

ТҮЙТКІЛ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Аспан айналып жерге түскендей ыстық енді маусымдық құбылыс емес, адамзатқа төнген қауіпке айналды. Әлемдік мұхит «қайнай» бастаған. «Қара құрлық» Африка түгілі, Еуропа және Азияда ми қайнатар ыстықтан мыңдаған адам қаза тапты. Көптеген ел жұмыс күнін қысқартуға мәжбүр. Тіпті темірден соғылған Эйфель мұнарасы балқып, туристерге жабылды. Қазақстанға да қиын тиіп тұр. «Қазгидромет» төбе шашты тік тұрғызып, түнде де аптаптың басылмайтынын жариялады: күн батса да, адам мен жан-жануар дамыл таба алмайды. Жер шарында бұл нәубет неге туындады?

А Айхан ШӘРІП

Жер шары «жанып» жатыр: Жалыны бүкіл әлемді шарпыған ыстық Қазақстанға жетті. Синоптиктер биылғы жазғы маусымда түнде де жанға маза болмайтынын ескертті. Күні кеше «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ұзақ жылғы бақылауының нәтижесін жариялап, жаға ұстатар дерегін жария етті. Бұл ретте мамандар 29 маусымда әр жылдары — 50 жыл, 30 жыл бұрын және биыл ауа райы қалай болғанын салыстырып көрді.

«Алдымен Астанаға тоқталайық. Биыл ең жоғары ауа температурасы — 25,1 градус, түнде 21,2 градус болды. Салыстырар болсақ, 1975 жылы күндіз сәл жылырақ болып, ең жоғары температура 27°C-қа жеткен. Алайда тарихта тун айтарлықтай суық болушы еді: ең төменгі температура 14,4°C болған. 1995 жылы да түнде 13,4 градуска дейін түсетін. Биыл, түнде бұдан елеулі жоғары», — дейді «Қазгидромет» мамандары.

Енді Алматыға назар аударайық. 2026 жылы елдің ең ірі мегаполисі шынымен тарихта болмаған аптап ыстықтан азап шегіп тұр: күндіз орташа ауа температурасы 37,4 градуска дейін аспандаған. Және бұл «көлеңкедегі» ыстық қана. Шақырайған күн астындағы градус бұдан әлдеқайда көп, бірақ синоптиктер дәстүр бойынша күнгейді өлшей бермейді. Салыстырғанда, 50 және 30 жыл бұрын сол кездегі Қазақстанның астанасында ең жоғары температура тиісінше 28,9 және 29,4 градус қана болған. Осы ресми мәліметтің өзі республикада өткен ғасырдан бері температуралық режимнің қатты өзгергенін паш етеді.

«Қазгидромет» дабыл қағуын жалғастырды. Оның мәліметі бойынша шілде айында Алматы, Қарағанды, ШҚО, Павлодар, Ақмола, Қостанай, СҚО, Атырау, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облысында, яғни республика өңірлерінің басым көпшілігінде «жоғары өрт қаупі күтіледі». Бұл ретте Жетісу, Абай облыстарында, Қызылорда облысының орталығында, Ақмола облысының шығысы мен орталығында, Павлодар облысының солтүстігі мен оңтүстік-шығысында, Қарағанды облысының батысында, ШҚО-ның солтүстік-батысында, орталығында, Жамбыл облысының солтүстік-шығысында, Алматы облысы-



Жаһандық



ның батысы, солтүстігі мен шығысында, Атырау облысының оңтүстігінде, Ұлытау облысының оңтүстігінде «төтенше өрт қаупі» туындайды деп болжанып отыр. «Қазгидрометтің» ресми сайтындағы Қазақстан картасы қып-қызыл түспен боялып, үрей бұлтын қалыңдата түсті.

Синоптиктердің консультативті жорамалына сәйкес, 2026 жылғы шілденің бірінші онкүндігінде күндізгі ауа температурасы күрт жоғарылап, «қатты» және «өте қатты» ыстық болады: еліміздің батысында +30...+38°C-қа дейін (Маңғыстау облысында +43°C-қа дейін); солтүстік-батыста +40°C-қа дейін; республиканың солтүстігінде +38°C-қа дейін; орталықта +40°C-қа дейін; оңтүстікте +44°C-қа дейін; еліміздің оңтүстік-шығысында +42°C-қа дейін күн ысыды.

«Айдың екінші және үшінші онкүндіктерінде тұрақты ыстық кезеңдер нөсерлі жаңбыр, найзағай, екпінді жел және шаңды дауыл болатын күндермен алмасанды. Соған қарамастан, Қазақстанның басым бөлігінде ең ыстық күндері күндізгі ауа температурасы +39°C-қа дейін, ал республиканың батысы мен оңтүстік жартысында +45°C-қа дейін көтеріледі», — деп ескертті «Қазгидромет».

Ғалымдар: «жаһандық жылынумен қатар 2026 жылы соңғы 140 жылдағы ең қуатты Эль-Ниньо құбылысы басталды» деп дабыл қағып отыр. Бұл табиғи құбылыс Тынық мұхитының экваторлық бөлігіндегі жерүсті суының температурасының қалыптан тыс көтерілуімен сипатталады. Соның салдарынан атмосфераға орасан зор жылу бөлініп, жаһандық температура рекордтары жаңарды. Мамандардың айтуынша, биылғы қуатты Эль-Ниньо ұзаққа созылатын қуаңшылыққа, алапат су тасқындарына және бұрын-соңды болмаған аптап ыстыққа әкелгелі тұр. Бұл туралы Американың Олбани мемлекеттік университеттің атмосфералық және экологиялық ғылымдар профессоры Пол Раунди мәлімдеді.

СЫНАП БАҒАНАСЫ СЫР БЕРДІ

Бір кездері сирек кездесетін, таңсық саналған қалыптан тыс ыстық бүгінде тұрақты өмір шындығына, құрлықтарды шарпып, адамзат өмірін аяусыз жаламап жатқан қатерлі күшке айнал-

Әкінішке қарай, бұл аномалия 2026 жылы үдемесе, бәсеңдеген жоқ. Испанияда жаз басталмай тұрып-ақ, тек 2026 жылдың мамырында ыстықтан 101 адам қайтыс болды. Бұл — соңғы онжылдықтағы осы айдың орташа көрсеткішінен 3,6 есе жоғары! Елдің Денсаулық сақтау министрі ыстықтың адам ағзасы оған бейімделіп үлгергеннен әлдеқайда ерте келетінін мұңа мойындады. Францияның ахуалы ауыр: 24 маусымнан бастап 1 мыңнан астам өлім жағдайы тіркелді. Қайтыс болғандардың басым көпшілігі — 65 жастан асқан қарттар. Кейбір қалада жедел жәрдем шақыру саны екі есеге

алуды және Еуропаның тиімді тәжірибесіне сүйенуді ұсынды. Мысалы, Италияда қарттар мен созылмалы ауруы бар жандарға көшеге шықпау ескертіліп, еріктілер оларға су мен азық-түлікті үйіне жеткізуді ұйымдастырды. Нидерланды билігі болса, кітапхана, театр, шіркеу, супермаркеттер мен қоғамдық орталықтарда демалыс орны, ауызсуы және дәретханасы бар арнайы «салқын аймақтар» желісін құрды. Сонымен қатар Еуропа мен Азияның ірі қалаларында көшелерге арнайы себезгі душтар орнатылып жатыр: кез келген жүргінші оны қосып, астында біраз салқындап ала алады. Түркияда, Еуропа елдерінде, көшеде адамдар су ішетін шүмекрандар орнатылған.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) баяндамасында айтылғандай, бүгінде әлемдегі барлық жұмысшының 70%-ы немесе 2,5 миллиардтай адам жан төзбес ыстықтан зардап шегіп жүр. Ғалымдар термометр бағанасы 34°C-тан асқанда еңбек өнімділігі екі есе құлайтынын дәлелдеді. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 43 градуска дейін барады! Еуропаның біраз елі аптап кезінде далада жұмыс істеуге тыйым салды. Бұл тәжірибені Қазақстанға да қолдану — уақыт талабы.

БҰҰ өзінің «Аптап ыстықты жену: Еуропадағы және Орталық Азиядағы аптап ыстық толқындары кезіндегі халықтың денсаулығы» атты арнайы есебінде Қазақстан Үкіметіне 5 негізгі рекомендация берді: біріншіден, аномальды ыстықтың теріс әсерін азайтуға бағытталған ортақ ұлттық стратегия әзірлеу қажет. Бұл құжат министрліктер мен әкімдіктердің, түрлі құрылымдардың аптап салдарларымен күрестегі нақты іс-қимылын үйлестіру, олар не істеу керектігін білуі үшін қажет.

Екіншіден, әсіресе балалар мен қариялардың ыстықтан ушығатын дерттерін емдеуге барынша қолдау көрсету қажет. Бұл үшін аптап кезінде денсаулық қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспарларына және алғашқы медициналық көмекке бюджеттен молырақ инвестиция құю талап етіледі. Үшіншіден, өрт, табиғи апаттар мен аптап ыстық туралы халықты алдын ала құлағдар ететін ерте ескерту жүйелерін, құрылғыларды заманауи деңгейде жетілдіруге қаржы салу маңызды.

Төртіншіден, бұқара көп баратын орындарды, балалар жиналатын аула, балабақша және басқасын күнқағарлармен, желдеткіштермен қамтып, орын-жайларды қайта жабдықтау керек. Педагогтар мен ата-аналарды аптап тудыратын стресспен күресуге үйреткен орынды. Бесіншіден, БҰҰ жоғары температуралық соққы салдарларын азайту үшін қалалық дизайн мен инфрақұрылымды, әсіресе халықтың ең осал топтары тұратын үйлерді аптапқа бейімдеуге, тегін кондиционер орнату бағдарламасын іске қосуға үндеді.

Әйтпесе, бүгінде қазақстандық парктерде шақырайған күннен паналайтын, мол сая мен көлеңке беретін нысандар тым аз, жоқтың қасы. Өзамаматтамын аптаптан келетін азапты өлімнен арашалап қалу үшін Қазақстан билігі ғалымдар мен халықаралық сарапшылардың осы ескертулерін елеусіз қалдырмай, дәл қазір іске асырса, құп.

андай. Мысалы, Үндістанда аптап ыстық ондаған мың адамның өмірін қиып жатса да, ресми билік бұл шығынды есепке алмай, жасыруды жөн көреді, деп жазды Frontiers in Environmental Health журналы. Оның сарапшылары күннің ысуынан болған өлім-жітімнің ресми статистикасы тым төмендетілгенін және трагедияның нақты, жан түршігерлік ауқымын мүлдем көрсетпейтінін жеткізді.

«Үндістанды аптап титықтатып жатыр: ауа температурасы 50°C-тан жоғары көтерілді. Зерттеушілердің бағалауынша, бүкіл Үндістан ауқымында бес күндік ыстық толқыны 30 000-ға жуық қосымша өлім-жітімге соқтырды», — деп жазды басылым.

Ғалымдар адамзаттың қазба отын түрлерін бейберекет жағуынан туындаған климаттың өзгеруі жаһандық температураны шегіне жеткізгенін ескертті. Енді мұндай аптап толқындары жиілеп, ұзағырақ әрі әлдеқайда қарқынды сипат алмақ. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның (ДМҰ) дерегінше, кейінгі 11 жыл — 2015 жылдан 2026 жылға дейінгі кезең әлем тарихындағы ең ыстық жылдар ретінде тіркелді. Бұл тұжырымдар тек Азияға емес, Еуропаға да тікелей қатысты. Лондон империялық колледжі мен Лондон гигиена және тропикалық медицина мектебі ғалымдарының зерттеуі сұмдық деректің бетін ашты: өткен жылдың рекордтық ыстық жазында еуропалық ыстық толқыны салдарынан 62 000-нан астам адам қаза тапқан.

дейін өскенін Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау агенттігі хабарлады.

ДДСҰ Еуропалық аймақтық бюросының директоры, доктор Ханс Анри Клюгенің айтуынша, Еуропа мен Азия жаһандық орташа көрсеткіштен екі еседен астам жылдам жылынып жатыр. Қалыптан тыс ыстық енді ерекше құбылыс емес, бұл — жиілеп, күшейіп және ұзарып бара жатқан қайталанбалы дағдарыс. ДДСҰ бұл экстремалды ыстықты «денсаулық сақтау дағдарысы» деп тануға шақырады. Алайда бұл дағдарыстың алдын алуға болады. Ыстық жағдайындағы іс-қимыл жоспарлары, ерте хабарлау жүйелері, салқын кеністіктер мен осал топтарға пәрменді көмек көрсету — бюрократиялық ермек емес, адам өмірін сақтап қалудың жалғыз жолы болмақ.

ЕЛДІ САҚТАЙТЫН БҰҰ-НЫҢ БЕС КЕҢЕСІ


Аптап апаты Қазақстанды да айналып өтпеді. Жаз басында-ақ елде жаңа температуралық рекорд орнады: 2026 жылдың 23 маусымы соңғы 85 жылдағы ең ыстық күн ретінде тарихқа енді. «Қазгидромет» синоптиктерінің хабарлауынша, ауаның максималды температурасы 36,8 градуска жетіп, алдыңғы рекордтан 0,4 градуска асып түсті. Бұған дейін ең жоғары көрсеткіш (36,4 градус) сонау 1941 жылы тіркелген.

ДДСҰ сарапшылары Қазақстанға халықты ыстықтан қорғаудың шұғыл шараларын қолға

МӘСЕЛЕ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Бір ғана темекі тұқылы.
Бір ғана ұшқын.
Кейде мыңдаған гектар даланы жалынға орау үшін осының өзі жеткілікті. Бұл – әсірелеу емес, жыл сайын қайталанатын шындық. Кейінгі жылдардың статистикасын қарайтын болсақ, тек қана дала өртінен елімізге 2022-2025 жылдары 38,3 миллион теңге шығын келген.



А Айгүл СЕЙІЛ

Иә, жаз бастала салысымен Қазақстанның кейбір аймақтарын аптап ыстық қысып, ыстықтың өртке ұласу мүмкіндігі байқалып жатады. Көктемде қарғын судан қауіптенсек, жазда орман мен даланы өрт жалмап кету қаупі күшейеді. Кейінгі жылдары түрлі апаттардың жиілегені туралы пікір де көбейді. Мамандар мұны климаттың өзгеруімен байланыстырса, инфрақұрылымның әлсіздігін алға тартатындар да бар. Ал статистика не дейді? Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қауіптің басты себебі көп жағдайда адамның өзі сияқты.

Биыл алғашқы жартыжылдықтағы өрт статистикасы көңілге медеу боларлықтай. Жыл басынан бері республика аумағында бір ғана дала өрті тіркелген. Жалын шарпыған аумақ – 500 гектар. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өрт саны 13 есеге, ал өртенген аумақ көлемі 9 есеге азайған.

Ал 2025 жылы 37 дала өрті тіркелген екен. Оның 24-і, яғни 64 пайызы адамның салғырт әрекетінен болған. Олардың қатарында құрғақ шөпті өртеу, отпен абайсыз жұмыс істеу, техникалардың ақаулы ұшқын сөндіргіштері бар. Ал найзағайдан болған өрттердің үлесі небәрі 16 пайызды құраған. Бұл дерек табиғаттан бұрын адамның жауапкершілігі маңызды екенін аңғартады. Басында айтқанымыздай, сөндірілмеген темекі тұқылы немесе рұқсатсыз жағылған от жүздеген гектар жерді күлге айналдырып жіберуі мүмкін.

ӨРТТЕН САҚТАУДЫҢ ТӘСІЛІ ҚАНДАЙ?

Өрт қаупі жоғары маусым басталмай жатып Төтенше жағдайлар министрлігі Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп арнайы іс-шаралар жоспарын бекітеді. Бұған қоса Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен табиғи өрт кезінде бірлесіп әрекет ету алгоритмдері қайта пысықталады. Жоспарлар мен алгоритмдерді тәжірибе жүзінде пысықтау үшін жыл сайын республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулар, трансшекаралық ынтымақтастық аясында Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан ТЖМ бөлімшелерімен бірлескен оқу-жаттығулар ұйымдастырылатыны тағы бар. Сонымен қатар жергілікті атқарушы

органдардың табиғатты қорғау және орман мекемелерімен қосымша 213 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілген.

Қазір республика бойынша ірі табиғи өрттерді сөндіруге 50 мыңнан астам адам мен 10 мыңнан аса техника жұмылдыру көзделген. Өрт қаупі жоғары аймақтарда су төгетін құрылғылары бар авиация кезекшілікке қойылып, жыл сайын халықаралық оқу-жаттығулар ұйымдастырылады. Бұл – қауіпке қарсы әрекет ету ғана емес, оның алдын алуға бағытталған кешенді жүйе.

Бүгінде апатпен күрес бұрынғыдай тек өрт сөндірушілердің тәжірибесіне ғана сүйенбейді. Сандық технологиялар құтқарушылардың басты көмекшісіне айналып келеді.

«Мамандар ғарыштық мониторинг арқылы өрт ошақтарын үздіксіз бақылап отыр. Сонымен бірге «ТЖ Геоаппараттық жүйесі» ауа райын, өсімдік жамылғысын және елді мекендердің орналасуын саралап, өрттің қай бағытта таралуы мүмкін екенін алдын ала болжайды. Ал өңірлердегі нақты ахуалды бақылауға бүгінде 218 ұшқышсыз ұшу аппараты тартылған. Дрондардан алынған бейне тікелей эфирде көрсетіліп, шешім қабылдау уақытын қысқартады.

Бұдан бөлек, Tasqun аппараттық жүйесіне енгізілген ELMFIRE математикалық моделі өрттің таралу сценарийін автоматты түрде есептеп береді. Желдің бағыты, жер бедері, өсімдік жамылғысы мен топырақтың ылғалдылығы ескерілетін бұл жүйе қай елді мекенге қауіп төніп тұрғанын алдын ала анықтай алады. Басқаша айтқанда, өрт шыққаннан кейін емес, оның қайда бет алатынын алдын ала болжауға мүмкіндік туып отыр», – дейді Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының орынбасары Руслан Қайрақбаев.

ЕҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ – УАҚЫТ

Көпшілік өрттің ұзақ сөнбеуін техника тапшылығымен байланыстырады. Алайда жауапты мекеме негізгі қиындық басқа екенін айтады. Ірі өрттердің ұзаққа созылуына көбіне өрттің кеш анықталуы, хабардың уақытында берілмеуі, желдің күшеюі және елді мекен-

нан астам профилактикалық рейд ұйымдастырылған.

Нәтижесінде, өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін 2 521 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы көлемі 43 миллион теңгеден астам айыппұл салынған. Елді мекендер қауіпті кезеңге дайын болмағаны үшін республика бойынша жергілікті атқарушы органдарға 2 298 ескерту берілген.

Айта кетейік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 410 бабына сәйкес, өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Жеке тұлғаларға ескерту

тұрғын үй мен Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында 183 саяжай үйін су басқан болатын.

Ал биыл су тасқыны салыстырмалы түрде тұрақты. Республика бойынша тек Семей қаласында 6 тұрғын үйді су басқан. Әрине бұл мәселе толық шешілді деген сөз емес. Бірақ алдын алу шараларының да нақты нәтиже бере бастағанын жоққа шығаруға болмайды.

«Өңірлерде жүздеген шақырым бөгет тұрғызылып, өзен арналары тазартылып, жағалаулар бекітілді. Су өткізу құрылыстары жаңартылып, қорғаныс дамбалары салынды. Су тасқынының салдарын жою үшін республика бойынша азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдары жоғары дайындық режиміне келтірілді. Жалпы саны 39 мыңнан астам маман, 12 мыңнан аса арнайы техника, 4 мыңнан астам су сору құралы және 700 жүзу құралы сақандай сай әзірленді. Сонымен қатар Төтенше жағдайлар министрлігінің резервинде 930 құтқарушы, 113 түрлі мақсаттағы техника, 99 су сору құралы мен 35 жүзу құралы дайын тұрды. Төтенше жағдай туындаған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін республика бойынша 3 мыңнан астам уақытша орналастыру пункті алдын ала даярланды», – дейді Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті төрағасының орынбасары Әсет Жылқайдаров.

Егер дала өрттерінде адам факторы басым болса, сел қаупінің артуына климаттың өзгеруі көбірек ықпал етеді. Мамандардың айтуынша, таулы өңірлердегі мұздықтардың жылдам еруі жаңа мұздық көлдердің пайда болуына және бұрыннан бар көлдердегі су көлемінің артуына себеп болып отыр. Бұл өз кезегінде сел жүру қаупін күшейтеді. Мысалы, биыл мамыр айында Алматы қаласының Наурызбай ауданында жаңбырлық сел тіркелген. Абырой болғанда, адам шығыны жоқ. Қазір Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары сел қаупі жоғары аймақтардың қатарында.

Төтенше жағдайлар саласында кейінгі жылдары пайда болған ең маңызды ұстаным – апатты жоюдан бұрын оның алдын алуға басымдық беру.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 200 жаңа ерікті өрт сөндіру бекеті ашылған. Солайша шалғай ауылдарда өртке қарсы инфрақұрылым қалыптасып келеді. Сандық технологиялар енгізіліп, бақылау күшейгенін жоғарыда айттық.

Дегенмен кез келген жүйенің тиімділігі қоғамның жауапкершілігімен өлшенеді. Бүгінгі статистика табиғи апаттардың едәуір бөлігін болдырмау мүмкіндігі бар екенін көрсетіп отыр. Бір қарағанда, ұсақ көрінетін қауіпсіздік ережесін сақтау – мыңдаған гектар жерді, ондаған елді мекенді және ең бастысы, адам өмірін сақтап қалуы мүмкін. Табиғаттың тосын мінезін өзгерту мүмкін емес. Бірақ оған дайын болу мемлекетке де, қоғамға да міндеттеледі.

ТОСЫН АПАТҚА ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК



2025 жылы 37 дала өрті тіркелген екен. Оның 24-і, яғни 64 пайызы адамның салғырт әрекетінен болған. Олардың қатарында құрғақ шөпті өртеу, отпен абайсыз жұмыс істеу, техникалардың ақаулы ұшқын сөндіргіштері бар. Ал найзағайдан болған өрттердің үлесі небәрі 16 пайызды құраған.

немесе 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 15 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК, ал ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Айыппұлдар сомасы құқықбұзушылықтар қайталанған кезде және адам денсаулығына зиян келтірілген немесе елеулі залал келтірілген жағдайда ұлғайтылады. Дегенмен айыппұлдың өзі мәселені толық шешпейтінін ескеруіміз керек. Өйткені өрттің алдын алуының ең тиімді жолы – әр азаматтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

СУ ТАСҚЫНЫ ДА МАҢЫЗЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ

Көктем сайын жұртты алаңдататын тағы бір мәселе – су тасқыны. Өткен жылы көктемде Ақмола, Абай және Маңғыстау облыстарында жүзден астам тұрғын үй мен жүздеген аула су астында қалған еді. Нақтылап айтқанда, осы облыстарда 119 жеке

дердің шалғай орналасуы әсер етеді.

Мәселен, өткен жылы Ақтөбе мен Қостанай облыстарындағы ірі өрт бірнеше тәуліктен кейін ғана толық ауыздықталған. Кей жағдайда жергілікті атқарушы органдардың кеш әрекет етуі мен минералданған қорғаныс жолақтарының жеткіліксіздігі де жағдайды күрделендірген. Ал өртпен күресте әр минут маңызды.

Өрттің алдын алуда бақылау да күшейген. Биыл республика бойынша 651 мобильді топ құрылып, олардың құрамында 3 684 маман жұмыс істеген. Орманды және далалы аумақтарда 7 мың-

ЗЕРДЕ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Бүгінде жасанды интеллект еңбек нарығына, білім беру жүйесіне, ұлттық қауіпсіздік және күнделікті өмір сүруге әсер ететін маңызды факторға айналды. Қоғамның технологиялық даму үдерістеріне көз жүгіртер болсақ, бұған дейін де түрлі технологиялық төңкеріс адамдардың өмір сүру дағдыларына түйбегейлі өзгерістер жасағанын көреміз. Сондай-ақ мұндай өзгерістерге қоғам әркез үрке қарап, бір қауіп төніп келе жатқандай қабылдағанын білеміз.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Сарапшылардың пікірінше, кезінде көліктер қоғам үшін қауіпті жаңалық ретінде қабылданған. Бірақ уақыт өте келе адамдар жол ережелерін, жаяу жүргіншілер өткелдерін және қауіпсіздік стандарттарын енгізіп, жаңа технологияға бейімделді. Сол сияқты қазіргі күні адамдар үшін жасанды интеллект технологиялары да бір қауіптің бастауы секілді қабылдануы заңдылық саналады.

Жаһандық жаппай цифрландыру үдерісінен Қазақстан да шет қалып жатқан жоқ. Биылғы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында қоғамның барлық саласына дерлік жаңа бастамалар енгізіліп, ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мәселен, білім жүйесінде қолданыла бастаған AI-SANA бастамасы мен MIT университетімен бірлескен Day of AI Qazaqstan бағдарламасын айтар болсақ, бұл жобалардың мақсаты – оқушыларды жасанды интеллектіні тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалануға үйрету, олардың цифрлық құзыреттерін қалыптастыру. Сала мамандарының пікірінше, жаңа білім беру моделі оқушылардың дайын ақпаратты жаттауынан гөрі талдау, зерттеу және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға басымдық береді. AI күрделі физикалық процестерді визуализациялауға, химиялық тәжірибелерді модельдеуге, математикалық есептердің бірнеше шешу жолын көрсетуі мүмкіндік береді.

Дегенмен жоғарыда айтқанымыздай, кез келген технология секілді жасанды интеллектінің де көлеңкелі тұстары бар. Бүгінде мектеп оқушысы интернетке тек сабақ оқу үшін кірмейді. Оның күнделікті өмірінің едәуір бөлігі әлеуметтік желілермен, бейнеплатформалармен және мессенджерлермен тығыз байланысты. Мысалы, «Касперский зертханасы» атты халықаралық компания жүргізген сауалнама нәтижесіне

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ КӨРІНБЕЙТІН КЕСКІНІ

сүйенсек, елімізде балалардың 88%-ында жеке смартфон бар. Олардың 28%-ы барлық бос уақытын гаджеттерге үнілумен өткізеді. Жасөспірімдердің 74%-ы TikTok желісін, 59%-ы YouTube-ты, 57%-ы Instagram-ды белсенді қолданады. Сонымен қатар ата-аналардың 62%-ы балалардың экран уақытын бақылауға арналған арнайы бағдарламаларды пайдаланбайды. Ал 4-6 жас аралығындағы балалардың 17%-ы интернет арқылы сауда-саттық жасайды. Сондай-ақ егер оқу үдерісі де толық цифрланса, балалардың экран алдында өткізетін уақыты бұрынғыдан да көбейетіні белгілі. Сондықтан алдымен баланың құқығы, оның амандығы мен қауіпсіздігін бәрінен жоғары қою маңызды.

– БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) ұйымы Қазақстанның мектептерге жасанды интеллектіні асықпай, кезең-кезеңімен енгізуін құптапты. Бұл жаңа технологиялар баланың сабақ оқуына, ой-өрісін дамытуға және заманауи болашаққа дайындалуына көмектесуі керек. Бірақ ең бастысы – баланың құқығы, оның амандығы мен қауіпсіздігі бәрінен жоғары тұруға тиіс.

Бүгінде «цифрлық сауаттылық» дегеніміз – жай ғана компьютерді қосу немесе интернетке кіру емес. Балалар бұл ақылды бағдарламалардың қалай жұмыс істейтінін, оның қандай пайдасы мен зияны барын түсінуі керек. Олар өздері туралы мәліметтерді қайда жазып жатқанын, интернеттегі ақпараттың өтірік-шынын қалай ажыратуды және бұл технологияны сабақта қалай дұрыс пайдалануды үйренуі тиіс. ЮНИСЕФ жасанды интеллект мектепте тек балаға нақты пайда әкелетін болса және қауіпсіз болса ғана қолданылуы керек деген ұстанымды қолдайды. Сондықтан бұл жаңашылдықпен бірге баланың жеке деректерін қорғау, интернетте бірін-бірі қорлаудан (кибербуллинг) сақтау және өтірік ақпаратқа сеніп қалмауды үйрету шаралары қатар жүруі қажет, – дейді БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) өкілінің орынбасары м.а Раушан Ибрашева.

Себебі цифрлық кеңістіктегі қатерлер күн өткен сайын күрделеніп келеді. Кибербуллинг, онлайн алаяқтық, жеке деректердің таралуы, интернет-тәуелділік, онлайн груминг, тіпті жасанды интеллект көмегімен жасалатын жалған бейнелер мен дауыстар – мұның бәрі баланың психологиялық және ақпараттық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ФИЛЬТРЛЕУГЕ ДАЙЫН, БІРАҚ...

Соңғы жылдары халықаралық сарапшылар балаларға төнетін ең үлкен интернеттегі қауіптер қатарына онлайн грумингті қосып жүр. Мамандардың айтуынша, груминг термині психологияда бұрыннан бар. Яғни адамның сеніміне кіріп, оған манипуляция жасау процесі груминг деп аталады. Ал онлайн-груминг – осы құбылыстың интернет арқылы жүзеге асатын түрі, яғни әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде баламен байланыс орнатып, біртіндеп психологиялық ықпал ету және қысым жасау.

– Әдетте мұндай процесс бірден қауіпті сипатта басталмайды. Алдымен қарапайым таныстық, лайк басу, пікір жазу, жылы сөз

құрылғыларынан бас тартып, қайтадан қағаз оқулықтар мен қолмен жазуға көше бастаған.

Шектеу туралы сөз болғанда, Раушан Ибрашеваның айтуынша, интернет сайттары мен бағдарлама иелерінің жауапкершілігі, баланың жасын тексерудің қауіпсіз жолдары, баланың жеке мәліметтерін қорғау және құпиялылықтың түсінікті әрі автоматты түрде орнатылған параметрлері болуы керек.

– ЮНИСЕФ мұндай бастамаларды, ең алдымен, бала құқықтары тұрғысынан қарастырады. Балаларды интернеттегі жаман нәрселерден, біреудің тиісуінен, алдап-арбаудан және сананы ұлайтын бағдарламалардан қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Бірақ біздің айтарымыз: тек «болмайды» деп жасқа шектеу қою жеткіліксіз. Бұл – мәселенің бір жағы ғана. Мұндай шаралар балаларды зияннан қорғайтын, олардың жеке өмірге және қатысуға деген құқықтарын құрметтейтін, сондай-ақ оларды реттелмейтін және қауіптірек цифрлық кеңістіктерге ысырып тастайтын кеңірек жүйенің бір бөлігі болуы керек. Сонымен қатар ата-аналарға көмек беру және балалардың интернеттегі сауаттылығын арттыру маңызды, – деді маман.

Дегенмен балаларды интернетте қорғаудың бүкіл әлемге ортақ бір ғана ережесі жоқ. Сарапшының сөзінше, Қазақстан үшін заңды қатайту, платформаларға жауапкершілік жүктеу ең тиімді жол саналады. Сонымен қатар балалардың жас ерекшелігін растаудың тиімді жүйесін енгізу, оларға ұсынылатын контентті сүзгіден өткізу және қауіпті аккаунттарды жедел анықтау секілді халықаралық тәжірибелерге сүйену маңызды.

– Қазақстанға басқа елдің істегенін айнытпай көшіре салудың қажеті жоқ. Біз өзімізге ең тиімділерін тандап, біріктіруіміз керек: мектепте балаларды интернетке баулу, олардың жеке мәліметтерін қорғау, платформаларға талап қою және осы ережелерді жасағанда балалардың өз пікірін де тыңдау маңызды, – деді Р. Ибрашева.

Ал қарсы пікірдегі сарапшылар әлеуметтік желілерді толық шектеу техникалық жағынан да, әлеуметтік тұрғыдан да күрделі екенін айтады. Өйткені балалардың басым бөлігі жасын өзгертіп көрсету арқылы аккаунт аша алады. Оның үстіне, әлеуметтік желілер бүгінде білім алу, шығармашылықпен айналысу және қоғамдық өмірге араласудың маңызды алаңына айналған. Бұл тұрғыда көптеген маман мәселенің шешімі тыйым салуда емес, тиімді реттеуде екенін айтады.

Елімізде балалардың әлеуметтік желілерге кіруін шектеу бастамасының техникалық орындалу мүмкіндігін CyberX компаниясының бас директоры, ақпараттық қауіпсіздік маманы Батыржан Шақманов түсіндірді. Оның айтуынша, елімізде әлеуметтік желілерді бұғаттауға қажетті барлық негізгі техникалық құрал бар.

«Техникалық тұрғыдан белгілі бір деңгейде шектеу енгізу мүмкін. Қазақстанда IP және домен деңгейінде блоктау, трафикті баяулату (throttling), DPI сияқты құралдар бұрыннан қолданылады. Яғни «TikTok немесе YouTube-ты толық өшіру» – техникалық жағынан орындалатын нәрсе», – дейді Батыржан Шақманов.

Алайда ол белгілі бір жас санатына ғана шектеу қою қиындық тудыратынын атап өтті.

«Бірақ 16 жасқа дейінгі балаларға ғана шектеу қою – өте күрделі механизм. Байланыс операторлары немесе интернет-провайдерлер трафик арқылы қолданушының жасын көре алмайды. Ол үшін SIM-карта иесінің жасын есепке алып, балаларды бөлек санат ретінде сәйкестендіру керек. Бұл – үлкен техникалық өзгерістер және қателік қаупі жоғары процесс», – дейді сарапшы.

Оның айтуынша, елдің инфрақұрылымын филтрлеуге дайын болғанымен, нақтылықпен тұрақтылықты қамтамасыз ету әлдеқайда қиын міндет. Сондықтан бүгінде бізге ең алдымен ақылды технология емес, сол технологияны саналы пайдаланатын ұрпақ қажет.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Кейінгі жылдары интернет кеңістігінде өрімдей ұл-қыздардың төбелескені, бір-біріне қысым жасағаны туралы видеолар жиі шығатын болып жүр. Биыл көктемде сондай оқиғалардың бірі Астанада тіркелгені анықталған еді. Бірер жыл бұрын, 2023 жылы Өскеменде 14 қыздың ісі тергеуге жіберілген еді. Олар бір қызды ұрып-соғыпты. Ал бір апта бұрын Түркістанда сыныптасын ұрып-соғып, өліміне себепкер болған оқушыларға сот үкім шығарды. Оқиға былтыр болған еді. Бұл мысалдар жасөспірімдер агрессиясының алаңдатарлық күйде екенін көрсетіп отыр. Мектептегі жанжалдар, буллинг және әлеуметтік желілердегі эмоциялық қатыгездік назар аудармай кететін мәселе емес. Сол себепті біз психолог Альма Асlykovaмен сұхбаттастық.

Психология саласында 20 жылдық өтілі мен 2 мың сағаттан асатын тәжірибелік жұмысы бар Альма Эдуардовна Асlykova мазасыздық, апатия, ішкі күйзеліс, өзін кінәлау, сенімсіздік және эмоционалдық қиындықтармен жұмыс істеуге маманданған.

Альма АСЛЫКОВА,
ПСИХОЛОГ:

— Кейде бізге қазіргі жасөспірімдер бұрынғы буынмен салыстырғанда әлдеқайда агрессивті болып көрінеді. Шынымен солай ма?

— Мен қазіргі жасөспірімдер табиғатынан бұрынғыдан агрессивті болды деп кесіп айтпас едім. Керісінше, олардың өсіп-жетілетін ортасы мен тұлға ретінде қалыптасу жағдайлары өзгерді деп айтуға болады. Бүгінгі жасөспірім үздіксіз ақпарат ағынында өмір сүреді: әлеуметтік желілер, мессенджерлер, жаңалықтар лентасы, бейнеконтент, оның ішінде зорлық-зомбылық көріністері мен әлемдегі алаңдатарлық оқиғалар. Мұның бәрі тұрақты эмоциялық жүктемені арттырады. Жасөспірімнің психикасы жас ерекшелігіне байланысты мұндай көлемдегі ақпаратты толық өңдеуге әлі дайын емес. Соның салдарынан ішкі күйзеліс, мазасыздық пен ашушандық жиналып, агрессия түрінде сыртқа шығуы мүмкін. Сонымен қатар жасөспірімдік кезеңнің өзі адам өміріндегі ең күрделі кезеңдердің бірі екенін ұмытпау керек. Бұл — гормондық өзгерістер, жеке тұлғалық болмыстың қалыптасуы және ата-анадан психологиялық тұрғыдан бөліну үдерісі жүретін уақыт. Осындай жағдайда агрессия кейде психологиялық құрал қызметін атқарады: ол жасөспірімге өз шекарасын белгілеуге, өзін танытуға және дербестікке ұмтылуға көмектеседі.

— Жасөспірімдер агрессиясының қалыптасуына қандай факторлар көбірек әсер етеді?

— Агрессивті мінез-құлқтың қалыптасуын бір ғана себеппен түсіндіруге болмайды. Бұл әрдайым бірнеше фактордың ықпалының нәтижесі. Әрине, отбасының рөлі өте маңызды, бірақ мектеп, әлеуметтік орта, интернет кеңістігі және жалпы мәдени орта да кем емес әсер етеді. Бүгінде әлеуметтік желілердің ықпалы ерекше. Жасөспірім күн сайын сансыз ақпаратқа, салыстыруларға, бағалауларға, кейде жағымсыз әрі жанжалға толы контентке тап болады. Ал оның эмоциялық жүйесі әлі толық қалыптасып үлгермегендіктен, мұндай ақпаратты әрдайым сыни тұрғыдан саралай алмайды. Егер жанында түсінді-

ЖАСӨСПІРІМДЕР АГРЕССИЯСЫ — ЕЛЕМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ

ріп, қолдау көрсетіп, эмоцияларын реттеуге көмектесетін ересек адам болмаса, жасөспірімнің бойында ішкі күйзеліс, мазасыздық пен ашу жинала береді. Ал бұл сезімдер уақыт өте келе ауызша немесе физикалық агрессия түрінде көрінуі мүмкін.

— Неліктен буллингтің құрбаны болған жасөспірімдер уақыт өте келе агрессорға айналады?

— Бұл — күрделі әрі, өкінішке қарай, жиі кездесетін психологиялық механизм. Психологияда ол «агрессормен сәйкестену» деп аталады. Оның мәні — ұзақ уақыт бойы жәбірленуші болған адам өзін қорлаған адамның мінез-құлқын бейсаналы түрде қабылдай бастайды. Осылайша, психика қайтадан қорлану, қорқыныш пен дәрменсіздікті сезінуден қорғануға тырысады. Жасөспірім әлсіз рөлден күшті адамның рөліне өтеді. Өкінішке қарай, бұл «күш» агрессия арқылы көрінуі мүмкін. Маңыздысы — көп жағдайда бұл саналы тандау емес, психологиялық жаракаттың және қауіпсіз ортаның болмауының салдарынан қалыптасатын қорғаныс механизмі.

Жалпы, жасөспірімдер агрессиясын қоғамнан бөліп қарауға болмайды. Менің ойымша, бұл көбіне қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің көрінісі. Егер қоғамда тұрақсыздық, шиеленіс, эмоциялық қолдаудың жетіспеушілігі мен сенім тапшылығы болса, мұның бәрі жас ұрпаққа әсер етеді. Сонымен қатар көптеген жасөспірімнің өмірінде сенім арта алатын маңызды ересек адамның жоқтығы да үлкен мәселе. Олар өз уайымдарын бөлісіп, эмоциялық тірек ала алмайды. Мұндай адам ата-ана, мұғалім немесе тәлімгер болуы мүмкін. Жасөспірімдік

шақта белгілі бір топқа тиесілі болуға деген қажеттілік өте жоғары болады. Егер бұл қажеттілік спорт, шығармашылық немесе білім беру ортасы арқылы қанағаттандырылмаса, жасөспірім өзін асоциалды немесе деструктивті топтардан іздеуі мүмкін. Ондай ортада агрессия қалыпты қарым-қатынас тәсіліне айналады.



Жалпы, жасөспірімдер агрессиясын қоғамнан бөліп қарауға болмайды. Менің ойымша, бұл көбіне қоғамдағы әлеуметтік үдерістердің көрінісі.

— Кейінгі жылдары қыздар арасында да агрессия байқалып қалатын болып жүр. Бұл туралы не дейсіз?

— Негізінде агрессия тек ер адамдарға немесе әйелдерге ғана тән құбылыс емес. Ол барлық адамда болады, тек оның көріну формалары әртүрлі. Кейінгі жылдары қыздардың агрессивті мінез-құлқы көбірек байқалғанымен, бұл агрессияның түбегейлі көбейгенін білдірмейді. Себептері де ұқсас: мойындалуға деген қажеттілік, құрдастары арасында өз орнын табуға ұмтылу, беделді болуға деген ниет. Бұған қоса әлеуметтік желілерде эмоцияға толы жанжалдар мен қақтығыстардың көбірек назар аудартуы да әсер етеді. Тарихта мұндай құбылыстар қоғамдағы құндылықтар мен

мінез-құлқы үлгілері өзгерген кезеңдерде де байқалған.

— Кейбір ата-аналар баланың агрессивті мінез-құлқын «қиын жас» деп ақтайды. Бұл дұрыс па?

— Бұл — ересектер жиі жіберетін қателіктің бірі. Иә, жасөспірімдік кезең күрделі. Бірақ бұл басқа адамдарға физикалық немесе эмоциялық зиян келтіруге себеп бола алмайды. Жасөспі-

рдің эмоциялық тұрақтылығы және оның отбасымен қарым-қатынасының сапасы. Егер бала өзін қауіпсіз сезінсе, жақындарының қолдауын көрсе, мұндай ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдай алады және оны шынайы өмірге көшірмейді. Ал эмоциялық қолдау болмаған жағдайда, ішкі мазасыздық пен жалғыздық мұндай контенттің кері әсерін күшейтіп, бұрыс мінез-құлқы үлгілерін қалыптастыруы мүмкін.

— Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының артында қандай психологиялық жарақаттар немесе ішкі мәселелер тұр?

— Көп жағдайда агрессия — екінші реттік реакция. Оның астарында әлдеқайда терең әрі ауыр сезімдер жасырынып жатады. Олар: қабылданбау сезімі, үнемі сынға ұшырау, эмоциялық немесе физикалық зорлық-зомбылық, буллинг, қолдаудың жоқтығы және өзін қажетсіз сезіну. Жасөспірім бұл жағдайларды әрдайым саналы түрде түсіне бермейді. Ол «маған ауыр тиді» немесе «мен жалғызбын» деп айтпайды. Оның орнына бұл сезімдер ашу, ашушандық және агрессивті әрекеттер арқылы көрінеді.

— Егер жасөспірім агрессиясына уақытында назар аударылмаса, ол қандай зардаптарға апарып соғуы мүмкін?

— Жасөспірімнің агрессиясын елемей отыру психикалық денсаулығына, мінез-құлқына және әлеуметтік қарым-қатынастарына ұзақмерзімді теріс әсер етуі мүмкін. Уақыт өте келе агрессия тұрақты мінез-құлқы үлгісіне айналып, адамның отбасы мүшелерімен, достарымен және әріптестерімен қарым-қатынасын қиындатады. Егер жасөспірімнің эмоцияларын ашық білдіруіне мүмкіндік берілмей, үнемі қысым көрсетілсе, қорланып немесе өзгелермен салыстырылып отырса, агрессия өзіне бағытталуы ықтимал. Мұндай жағдайда өзіне зиян келтіру әрекеттері байқалуы мүмкін. Сонымен қатар іште жиналған жағымсыз эмоциялар депрессияның дамуына, ал ішкі күйзелістен арылу мақсатында әртүрлі тәуелділіктердің қалыптасуына себеп болуы ықтимал.

— Қоғам жасөспірімдер арасындағы агрессияны қалай азайта алады?

— Ең алдымен агрессияның өзі тек жағымсыз құбылыс емес екенін түсіну қажет. Бұл — дұрыс бағытталса, білімге, спортқа, шығармашылыққа, дамуға және қоғамдық белсенділікке жұмсалатын қуат. Қоғам мен отбасының басты міндеті — жасөспірімге өз эмоцияларын түсінуді, күйзеліске төтеп беруді, жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шешуді және өзін маңызды тұлға ретінде сезінуді үйрету. Ең тиімді алдын алу жолы — ересектердің эмоциялық қолдауы мен шынайы қамқорлығы. Жасөспірім қандай қиын кезеңде болса да, өзін жалғыз емес екенін, оны тыңдайтын әрі қабылдайтын адамдар бар екенін сезінуге тиіс.

— Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет!

Әсемай ЖӘНІБЕК,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

АТА ЗАҢ – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Алматы облысында жаңа Конституцияның ресми түрде күшіне енуіне орай «Ата заң – Қуатты Қазақстан!» атты конференция өтті. Конференцияға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев төрағалық етіп, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар мен этномәдени бірлестіктердің мүшелері және жастар қатысты. Олар енгізілген жаңашылдықтардың маңызы, қоғамның дамуына тигізетін ролі мен ықпалы туралы пікір алмасты, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Марат Елеусізұлы жиынға жиналғандарды жаңа Конституцияның заңды күшіне енуімен құттықтап, жаңа Ата заң еліміздегі саяси және мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртқанын айтты.

«Жаңа Конституция азаматтардың мемлекеттік басқарудағы ролін күшейтіп, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға, адам құқықтарын қорғауды нығайтуға бағытталған. Президент атап өткендей, «Заң мен Тәртіп – мемлекет саясатының ғана емес, ұлт болмысының ажырамас бөлігі болуы тиіс». Сондай-ақ Мемлекет басшысының «Тазалық ұғымы ұлтымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы – соның айқын көрінісі» деген сөзін негізге ала отырып, облысымыздың бар-

ша тұрғынын «Таза Қазақстан» акциясына белсенді атсалысуға шақырамын. Бұл – ой-сананың тазалығымен келетін дүние. Бүгінгі күнге дейін облысымызда 104 мыңға жуық ағаш отырғызылды және 440 мың адам белсенділік танытып, жобаның жанашырына айналды», – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ жаңартылған Конституцияда білім беру мен ғылым мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалғанын, тегін орта білім алуға берілетін кепілдіктер күшейтіліп, алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілгенін жеткізді. Облыс әкімінің айтуынша, биыл өңірде білім беру саласына 409,8 млрд теңге бөлінген. Облыста 1 748 білім беру ұйымы жұмыс істейді, онда 470 мыңнан астам бала білім алып, тәрбиеленуде. Соңғы үш жылда облыста 69 мектеп бой көтерді. 2025–2027 жылдары 91



мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Биыл 11 нысанда жөндеу жұмыстары жалғасып, 2026–2028 жылдары 11 жаңа мектеп салу жоспарланған.

«Жаңа Конституцияның қағидаттары адамдардың күнделікті өміріндегі нақты өзгерістер арқылы көрініс табуы қажет екенін атап өткім келеді. Бұл әрбір мемлекеттік қызметшіден жоғары жауапкершілікті талап етеді. Формализмге, бюрократияға және азаматтардың мәселелеріне немқұрайды қарауға жол жоқ. Әрбір басшы өз саласында өзгерістердің бастамашысы болып, қабылданған шешімдердің нақты нәтижесіне жауап беруі тиіс», – деді Марат Елеусізұлы. Сондай-ақ еліміздегі бұрын-соңды болмаған, ең үлкен, ең ауқымды жоба – «Алатау сити» шаһары Алматы

облысы аумағында бой көтеріп келе жатқанын айтып, жобаның сәтті жүзеге асуына жан-жақты кірісу кергін жеткізді.

Облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәутәлиев жаңа Конституцияның мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып, заң үстемдігін нығайтуға және азаматтардың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге жол ашқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қоғамдық кеңестер мен Халық кеңесінің ролі артып келеді. Бұл институттар мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы тиімді диалог орнатып, тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлерін шешім қабылдау процесіне енгізуге,

қоғамдық бақылауды күшейтуге ықпал етуде.

Конференцияда кәсіпкерлер қауымы атынан сөз сөйлеген «Дәулет-Бекет» шаруа қожалығының басшысы Сыдық Даулетов елдегі экономикалық реформалар өндірісті дамытуға, инвестиция тартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталғанын айтты.

Алматы облысының белсенді жасы Алина Кан жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі Қазақстанның жаңа даму кезеңінің басталғанын білдіретін тарихи оқиға екеніне тоқталды.

«Жаңа Ата заңда заң үстемдігі, әділеттілік, қоғамдық келісім, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың тең мүмкіндіктері мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сияқты іргелі құндылықтар бекітілген. Бұл қағидаттар әрбір азаматтың, әсіресе жастардың өмірлік ұстанымына айналуға тиіс», – деді Алина Кан.

Конференция соңында бірқатар азаматқа Мемлекет басшысының атынан Жаңа Конституцияның арнайы басылымы салтанатты түрде табысталды. Сондай-ақ саяси кешпеген 2200 дана Ата заң облыс аумағындағы барлық мемлекеттік мекеме мен кітапханаға таратылды.

М.ТӨЛЕУ

«THE KAZAKH YURT»: ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ҰЛЫҚТАҒАН ТУЫНДЫ

Қазақ руханияты тағы бір тың туындымен толықты. Алматы қаласындағы «Атамұра» кітап үйінде «Киіз үй / The Kazakh Yurt» кітабының ағылшын тіліндегі басылымының тұсаукесері өтті. Бұл еңбек қазақ халқының ғасырлар сүзгісінен өткен мәдени мұрасын әлем жұртшылығына таныстыру мақсатында жарық көріп отыр.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Осыған дейін аталған кітаптың казак тіліндегі нұсқасы ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы ұйымдастырған байқауда бас жүлдені иеленген. Оқырманға жол тартқан бұл кітапта қазақтың төл болмысымен біте қайнаскан киіз үйдің түрлері мен құрылымдық ерекшеліктері кеңінен баяндалады. Сондай-ақ кереге, уық, шаңырақ жасау өнері, киіз басу дәстүрі, үй жабдықтарын әзірлеу тәсілдері, олардың ұлттық колонердегі орны мен мәдени-рухани мәні жан-жақты қамтылған. Кітап қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен ұлттың материалдық әрі рухани құндылықтарын дәріптей отырып, киіз үйдің халқымыздың өмір салтындағы маңызын аша түседі.

Тұсаукесер рәсімінде арнайы сөз алған «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Құл-Мұхаммед кітаптың оқырман алдындағы негізгі миссиясы мен көпке берер құндылығына тоқталды. Ол аталмыш туындының

«Атамұра» баспасының ұлттық мәдени мұраны насихаттау жолындағы кезекті жұмысы екенін және бұл дәстүр әрмен қарай да үзілмейтінін атап өтті.

– Бүгін таныстырылып отырған «Киіз үй / The Kazakh Yurt» кітабының дүниеге келуіне менің киіз үйде өсіп, сол ортада тәрбие алуым себеп болды. Бұл – киіз үйге деген ерекше сүйіспеншіліктен туған еңбек. Кітапты жазып, оны баспаға дайындау ісінде «Атамұра» баспасының үлесі мол. Баспа қазіргі уақытта ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрімізді жаңғыртуға және оны әлемге танытуға бағытталған маңызды жобаларды жүзеге асырып келеді. Бұл кітаптың құндылығы жоғары болғанымен, «Атамұра» баспасы оны көпшілікке қолжетімді бағамен ұсынуды жөн деп тапты. Өйткені басты мақсат – қазақтың төл мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды насихаттау және шетелдік оқырманға таныстыру, – деді автор Бұлбұл Кәпқызы.



Туындыны казак тілінен ағылшын тіліне Дүйсенәлі Әлімақын тәржімалаған. Жиын барысында ол еңбекті ағылшын тіліне аудару қиындық туғызбағанын, керісінше, зор мақтаныш сезімін сыйлағанын алға тартты. Жазушы бұл әсерді балалық шағының киіз үймен етене байланыста өткенімен байланыстырды. Өз сөзінде ол ұлттық құндылықты әлем оқырманына таныстырудың өзі үлкен жауапкершілік әрі мәртебе екенін жеткізді.

– Бір халықтың екінші халыққа танытатын ең басты құндылықтардың бірі – оның мәдениеті мен әдебиеті. Сондықтан «Киіз үй / The Kazakh Yurt» кітабын ағылшын тіліне аудару кезінде мен бұл



еңбекті жай ғана аударып отырған жоқпын, халқымыздың болмысын, мәдениетін әлем оқырманына таныстырып жатырмын деген сезімде болдым. Киіз үйдің әрбір құрамдас бөлігінің атауын, мағынасын және қазақтың дәстүрлі тұрмысындағы орнын жақсы білемін. Бұл еңбекті аудару ісінде ұлттық мазмұнды дәл жеткізуге мүмкіндік берді деп ойлаймын, – деді ол.

Дегенмен аудармашы жұмыс барысында бірқатар кәсіби маманның кеңесіне жүгінген. Оның сөзінше, қазақтың дәстүрлі тұрмысы мен мәдениетіне қатысты кейбір атаулар мен ұғымдар контекстік тұрғыдан шетелдік оқырманға бірдей түсінікті бола бермейді. Сондықтан аударма кезінде ұлттық мазмұнды сақтай отырып, оның мағынасын өзге мәдени орта өкілдеріне барынша ұғынықты жеткізуге баса назар аударылған. Жазушы бұл еңбекті тәржімалау барысында дәл осы мәселеге айрықша мән бергенін атап өтті.

– Аударма жасау кезінде шетелдегі жетекшілеріммен және

достарыммен ақылдасып отырдым. Өйткені қазақтың ұлттық мәдениетіне қатысты кейбір ұғымдарды шетелдік оқырманға түсінікті етіп жеткізу маңызды болды. Мәселен, «Шаңырақ» сияқты атауларды Shanyrak деп ұсына салғаннан гөрі олардың ағылшын тіліндегі баламасын көрсетіп отырдым. Себебі бізге етене таныс ұғымның барлығы өзге жұртқа түсінікті бола бермейді. «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» демекші, осылайша көпшіліктің ақыл-кеңесіне сүйене отырып, құнды еңбекті жарыққа шығардық, – деді жазушы, аудармашы Дүйсенәлі Әлімақын.

Атап өтерлігі, бұған дейін 32-Бейжің халықаралық кітап көрмесінде таныстырылған «Киіз үй» кітабы Қытайдың баспа саласы өкілдері мен оқырман қауымының ерекше қызығушылығын тудырған. Қазір бұл еңбек ұлттық мәдени мұраны әлемдік деңгейде насихаттауға бағытталған маңызды жобалардың бірі ретінде жоғары бағаланып отыр.

Азия кубогы (AVC Nations Cup 2026) – құрлықтағы ең беделді волейбол жарыстарының бірі. Бұл турнир – әрбір команданың шеберлігі мен төзімін, түрлі қабілетін айқындайтын дода. Биылғы Азия Ұлттар кубогы Үндістанның Ахмедабад қаласында өтті. Құрлықтың үздік құрамалары бақ сынасқан турнирде Қазақстан ерлер волейбол командасы Аустралиямен кездесіп, 3:2 есебімен жеңіске қол жеткізді. Ең бастысы – отандық құрама кездесуде 0:2 есебімен қауіпті кезеңді бастан кешіре тұра керемет камбэк жасады. Команда финалдық кезеңде жеңіс тұғырынан көріне алмаса да, бесінші орынға жетуінің өзін үлкен көрсеткіш деп санадық.

Қазақстан құрамасы турнирге тыңғылықты дайындықпен әрі жана ойыншылармен келді. Кейінгі жылдары ұлттық құрамада жас ойыншылар мен тәжірибелі волейболшылардың үйлесімі қалыптасып жатыр. Бапкерлер штабы командаға жылдам ойын, ұйымшыл қорғаныс және шабуылдағы белсенділікті басты міндет ретінде жауапкершілік жүктелді.

Іріктеуде қарсылас болған Аустралия волейбол құрамасы да осал емес, ол Азия аймағындағы ең тәжірибелі ойыншылар қатарына жатады. Физикалық дайындығы жоғары, бойы ұзын волейболшылардан құралған команда халықаралық аренада үздік нәтиже көрсеткен, сондықтан кездесу алдында мамандар бұл матчты мүмкіндігі тең екі қарсыластың тартысы ретінде бағалады.

ТӘУЕКЕЛГЕ ТОЛЫ ТАРТЫС

Осы материалды дайындап жатқан сәтінде отандастарымыз тартысты кезеңдерді бастан өткізіп жатқан еді, дегенмен де команда ойыншылары уақыт тауып сұрақ-

АЗИЯ САЙЫСЫНДАҒЫ АДЫМ



тарымызға жауап берді. Олар Аустралиямен болған кездесуді, расымен де, сұрапыл айқасқа теңелді.

Кездесудің бастапқы екі кезеңі Аустралия құрамасының басымдығымен өтті. Бірінші сетте қарсылас команда шабуылдағы дәлдігі мен блоктағы сенімді ойынның арқасында 25:15 есебімен жеңіске жетті. Ал екінші партияды да аустралиялықтар сол басымдығын сақтап, 25:21 есебімен алға шықты. Бұл туралы Қазақстан волейбол құрамасының ойыншысы Владислав Мاستихин мынадай пікір білдірді:

– Матчтың басталуы біз үшін сәтті бола қойған жоқ. Бұған Үндістан құрамасымен болған кездесудегі алдыңғы жеңілістің де әсері тиімі мүмкін. Алғашқы екі партия да өз ойынымызды толық көрсете алмай, бірқатар категе жол бердік. Кейбір

сәттерде шабуылда да, қорғаныста да тұрақтылық жетіспеді. Дегенмен команда қиын жағдайда мойымай, мінез көрсете білді, – дейді команданың шеткі шабуылшысы.

Аустралиялық волейболшылар әрбір мүмкіндікті тиімді пайдаланып, есеп айырмасын біртіндеп ұлғайтты. Қазақстан құрамасы бірнеше мәрте есепті қысқартуға тырысқанымен, қарсыластың қорғанысы мен шабуылдағы дәлдігі басым болды. Нәтижесінде, алғашқы партия 15:25 есебімен Аустралия құрамасының пайдасына аяқталды.

Екінші партия да Қазақстан үшін тіпті оңай болған жоқ. Қабылдаудағы қателіктер мен шабуылдағы дәлсіздіктер өз әсерін тигізді. Аустралия құрамасы матчтағы басымдығын арттырып, есепті 2:0-ге жеткізді. Көптеген жанкүйер үшін

бұл нәтиже кездесудің тағдырын нақты шешкендей көрініп еді, алайда спорт бәйгесінің қызығы енді басталды.

– Ең қиын сәт бастапқы екі кезең болды. Қарсылас ойын тізгінін өз қолына алып, есеп бойынша

басымдыққа ие болды. Мұндай жағдайда психологиялық тұрғыдан сыр бермеу өте маңызды еді. Біз сабыр сақтап, өз ойынымызға сендік және командалық ойынға басымдық бердік. Нәтижесінде, шоғырлануды жоғалтпай, ойынның шешуші сәттерінде маңызды ұпайларды еншілеп, кездесуді пайдамызға аяқтай алдық, – дейді құраманың байланыстырушысы Нұрлыбек Максат.

КАМБЭКПЕН КЕЛГЕН ЖЕҢІС

Алғашқы екі сетте жеңіліске ұшыраған Қазақстан құрамасы бұл жолы алаңға мүлде басқа көңіл күймен шықты. Ойыншылардың жылдамдығы артып, шабуылдағы белсенділік көбейді. Команда әрбір ұпай үшін соңына дейін күресіп, қарсыласқа қысым көрсете бастады. Бапкерлер штабы енгізген тактикалық өзгерістер де нәтижесін берді. Қазақстандық волейболшылар доп қабылдауда сенімді ойнап, шабуылдарды тиімді ұйымдастырды. Тор маңындағы сәтті блоктар мен дәл соққылар есеп айырмасын қысқартуға мүмкіндік берді. Әсіресе шешуші сәттерде ойыншылардың салқындандылығы ерекше байқалды.

Партия соңында екі команда арасында тартыс күшейе түсті. Дегенмен спортшыларымыз маңызды ұпайда қателік жібермей, бастаманы өз қолында сақтап қалды. Нәтижесінде, Қазақстан құрамасы үшінші сетте 25:23 есебімен алға шығып, матчқа қайта оралды. Бұл жеңіс командаға сенім сыйлап, келесі партияларға мотивация берді. Үшінші партияды жерлестеріміз ойын қарқынын үдете түсті, шабуылдағы белсенділігі де артып, қорғаныста сенімді ойын көрсетті.

– Ойын барысында өз ырғағымызды тауып, бапкерлер ұсынған тактиканы тиімді іске асыра бастадық. Әр ұпай үшін күресіп, біртіндеп матчтың барысын пайдамызға өзгерттік. Команда мүшелері бір-біріне қолдау беріп, алаңда ұйымшылдық танытты. Әсіресе шешуші сәттерде сабырлық сақтап, маңызды ұпайларды еншімізге байладық, – дейді В.Мастихин.

Қазақстандық волейболшылар ойынға қарқын қосып, шабуылды жиілетті, бәлкім алдағы кездесулерде де күш ала бастауына осы ойын әсер еткен шығар. Команда көшбасшылары жауапкершілікті мойынға алып, әр ұпай үшін соңына дейін күресті.

– Бапкерлер штабының уақытылы тактикалық өзгерістері мен ойыншыларды сәтті алмастыруы матч тағдырын шешкен негізгі факторлардың бірі болды. Ойын барысында енгізілген түзетулер команданың қарқынын өзгертіп, қарсыластың осал тұстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді, – дейді құрама ойыншысы Нұрлыбек Максат.

ШЕШУШІ СЕТТЕР

Төртінші партияды В.Мастихин мен А.Ізбергенұлы допты ойынға қосуда сәтті өнер көрсетіп, зис арқылы команда қоржынына маңызды ұпайлар әкелді. Партияның шешуші сәтінде есеп 24:22 болғанымен, Аустралия құрамасы екі бірдей матчбол мүмкіндігін пайдалана алмады. Ал тор маңында Клим Рюховтың сәтті тосқауылдары қарсылас шабуылын тоқтатуға мүмкіндік беріп, Қазақстан құрамасы төртінші сетті 26:24 есебімен аяқтады.

Шешуші бесінші партияды С.Трикоз баптайтын Қазақстан құрамасы табандылық танытып, жеңісті пайдасына шешті. Тартысқа толы тай-брейк 16:14 есебімен аяқталып, ұлттық құрама камбэк жасап, матчта 3:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша, Қазақстан құрамасы турнирдегі алғашқы жеңісіне қол жеткізіп, қоржынына маңызды екі ұпай жазды.

Мөлдiр БОЛАТҚЫЗЫ,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 23-бабы f)-тармағы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №1 Қыздар жатақханасына ағымдағы жөндеу жұмыстарын қайта сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық-смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсаты және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті

көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 13.07.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

4 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



ТАРИХ ЖАДЫНДАҒЫ

Елорда

Әлем елдеріндегі сияқты қазақта да талай астана ауысқан. Сол көштің соңы Сарыарқаның сайын даласында бой көтерген Астанаға кеп тоқтағалы биыл 29 жыл болды. Осыған орай, елорданың Мемлекеттік архиві «ASTANA LEGACY: Тарих. Жады. Болашақ» республикалық форумын өткізді. Іс-шараға Астананың қалыптасуына айрықша үлес қосқан азаматтар, қала әкімдігі мен мемлекеттік органдардың өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, архив саласының мамандары, тарихшы-әдебиеттанушы ғалымдар, қаламгерлер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

барынша қолайлы әрі қауіпсіз қала ретінде танылып келеді. Оған нақты дәлел де бар: халықаралық Numbeo рейтингінде елорда небәрі бір жыл ішінде 105-орыннан 81-орынға ілгерілеп, әлемдегі «ең қауіпсіз 100 қаланың» қатарына енді. Сөз соңында Мираc Әбдірахман жиынға қатысқан шығармашылық зиялы қауым өкілдеріне үнде тастады. Басқарма басшысы елордалық ақындар мен жазушыларды жас буынға арналған туындыларды көбірек шығаруға және Астананың бүгінгі көркем келбеті мен атқарылып жатқан жасампаз істерін кеңінен насихаттауға шақырды.

Алқалы жиынның екінші бөлімі мазмұнды конференция форматында жалғасты. Басқосу мінбесінен сөз алған белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов кешегі Ақмола мен Целиноградтың қаламгерлері туралы айтып, елорданың бүгінгі қалам иелері жайында толғанды. Айтуынша, қазір аста-

нада 200-дей жазушы бар екен. Бұл Астананың да жазушылар, ғалымдар қаласына айналып келе жатқанын көрсетеді.

Белгілі қаламгер, ғалым, ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы «Алаш және Астана» тақырыбында мазмұнды әңгіме өрбітті.

— Ақмола — елмен, ұлтпен бірге жасап келе жатқан мекен. Бұл жерде Алаш кезеңіне байланысты оқиға көп. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан ірі саяси қайраткерлігімен қатар, қазақ даласының көне мұрасын түгендеген бірегей этнограф та болды. Оның осы өңірдегі көне қорымдар мен тарихи ескерткіштер жайында жергілікті болыстарға жазған хаттары бар. Мұнда Әлихан бабамыз өңірдегі әрбір жәдігерді тұтас ұлт тарихымен байланыстырған. Әлихан идеясы шынында дәлелденіп шықты: Бозоқ қалашығы мен Бытығай кесенесі сияқты көне орындар бұл аймақтың тарихы тым тереңде жатқанын айғақтап берді. Біз Ақмола тарихын айт-

канда, көпестер туралы жиі айтамыз. Сол заманда қазақпен етене араласып, бауырласып кеткен татар текті Халфин есімді ірі зиялы қайраткер, дәулетті көпес өмір сүрген. Осы азаматтың Алаш үшін біраз қаржылай қолдау көрсеткені Әлихан Бөкейханның еңбектерінде анық жазылған. Әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлының қос томдық зерттеу кітабында бұл мәліметтер көрсетілген. Осыдан кешегі Ақмоланың зиялылары мен демеуші көпестері қаланың жаңғыруы, жаңа жолға түсуі мен еуропалық бағытта дамуы үшін өз қаржысы мен еңбегін аямағанын көруге болады, — деді Д. Қамзабекұлы.

Тележурналист, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұрсын Құдайберген Целиноград теларнасының тарихына тоқталып, қазір қалалық теларна ашу керектігі жөнінде ойын жеткізді.

Форум аясындағы тағы бір маңызды оқиға — елорданың өткені мен бүгінін бедерлеген көрмелердің ашылуы болды. Көпшілік назарына ұсынылған «Астана: кеше, бүгін, ертен» атты архивтік құжаттар мен елорда тарихына арналған кітаптар көрмесі жиналған қауымды уақыт саяхатына екі тәуелдендей күйге бөледі. Ете сағатқа созылған тағылымды форум елорда тарихынан сыр шертетін арнайы бейнероликпен тәмамдалды. Онда IX-X ғасырларда Есіл өзенінің аңғарында ірге тепкен көне Бозоқ қаласы мен ұлы даланың тарих пен тағдыр тоғысқан қасиетті бекеті — Қараөткел жайындағы құнды деректер көпшілік назарына ұсынылды. Тұтастай алғанда, алқалы іс-шарада бас шаһардың тарихи қалыптасу жолы, қоғамдық-әлеуметтік даму қарқыны, рухани құндылықтары мен заманауи келбеті кеңінен әңгіме өзегіне айналып, қатысушылар тарапынан жоғары бағаланды. Тағылымды кездесудің соңы ұлттық рухты асқақтатқан патриоттық концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

Сымбат БЕГІМБАЙ

Форумның басты мақсаты — елорданың тарихи даму жолын архив құжаттары негізінде насихаттап, тарихи жадыны сақтау, ұлттық мұраны ұлықтау және қоғамның тарихи санасын нығайту. Басқосу Астананың өткені мен бүгінін өзара сабақтастырып, тарихи мұраны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды рухани алаңға айналды. Жиынды Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин ашып, форумның негізгі мақсаты елорда тарихына архив деректері арқылы жанаша пайыммен қарау қажет екенін атап өтті.

«Бүгін біз мұрағат құжаттары арқылы елордамыздың тарихына жанаша көзқараспен қарау үшін бас қосып отырмыз. Өйткені мұрағат — бұл тек тарихи мұра қоймасы емес, сонымен бірге тарихи сананы қалыптастырып, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін аса маңызды рухани институт. Мысалы, Есіл бойындағы ғасырлар күәсі болған Қараөткел — Астананың тарихи негізі. Алып шаһардың бүгінгі келбетін түсіну үшін оның өткеніне үңілу қажет. Форум аясында «Астана: кеше, бүгін, ертен» атты мұрағат құжаттарының экспозициясы, сондай-ақ елорда тарихына арналған кітап көрмесі ұсынылған. Олар өткен шақты бүгінгі күнмен байланыстыруға және қаламыздың жарқын болашағына жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді», — дей келе, Жангелді Бимолдин қазіргі астанамыздың тарихына қысқаша шолу жасап өтті.

Басқосуда Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп кешегі тарих архивте хатталса, бүгінгі шежіре де содан орын алатынын айтып, бұл іс-шараның маңызына ерекше тоқталды.

— «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді дана халқымыз. Бүгінгі айтулы іс-шараға бас шаһарымыздың дамуына хал-қадірінше қызмет етіп жүрген игі жақсылар жиналып отыр. Өткенімізді сақтап, бүгінмен байланыстыратын, ел мұрасын келешек ұрпаққа жеткізетін архив ісінің ұйымдастырып отырған конференция-форумына қош келдіңіздер! Бұл басқосуды қаламыздың өткеніне көз жүгірту арқылы бүгінгіміздің бағасын дұрыс бағамдайтын маңызды шаралардың бірі деп есептеймін. Қала тарихы мен қалыптасу жолы жайлы мазмұнды ақпараттарды бірге тыңдайық, — деп түйіндеді басқарма басшысы.

Форум барысында елорданың қазіргі әлеуметтік-экономикалық тынысы мен инфрақұрылымдық жобалары туралы Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Мираc Әбдірахман кеңінен баяндады. Ол өз сөзінде шаһарды «смарт сити» (ақылды қала) бағытында дамыту, жол-көлік жүйесін жетілдіру және қаланы «жасыл қалаға» айналдыру жоспарларына арнайы тоқталды. Басқарма басшысының мәлімдеуінше, бүгінде елорда тұрғындарының саны 1 млн 600 мыңға жеткен. Бас шаһар тұрғындар үшін өмір сүруге



Газеттің келесі саны 9 шілде күні жарық көреді

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Наурыз НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
 Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
 8(771) 804-61-32
 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАУЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4759
 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
 Сілеті көшесі 30,
 тел: 8(7172) 99-77-77
 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
 Мұқанов көшесі, 223 В
 Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
 Әлімқұлов көшесі 22,
 тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,